

Сатыбалды Әбілқасымұлы  
Қызыр немересі

Шаманның  
нұрын -  
гүл етсем



Сатыбалды Әбілқасымұлы  
ҚЫЗЫР немересі

Штанның нұрын —  
гүл етсем

Жезқазған-2012

УДК 28  
ББК 86.38

Ә 20 Әбілқасымұлы Сатыбалды  
«Иманның нұрын — гүл етсем  
Жезқазған: «Полиграфия АСАР»  
ЖК «Битанова С.Д.», 2012. — 136 бет

**ISBN 978-601-80171-9-3**

*Адам қылып жаратқан Аллаға сансыз  
мадақ айта отырып, осы бір кішкене еңбегімді  
назарларыңызға ұсындым. Алла жазса,  
Жаратқанның жарылқауымен мына сырлы  
дүниеге — өмірге келудегі мақсатымызға  
кеңінен тоқталмақпын.*

УДК 28  
ББК 86.38

ә ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ С., 2012

**ISBN 978-601-80171-9-3**



## АЛҒЫ СӨЗ

*Көңілін имандылық нұрын ұялатқан Сатыбалды Әбілқасымұлы Қызыртегі ақындықты мақсұт тұтқан жан емес. Алайда, “Өлеңге әркімнің де бар таласы” демекші, көңілдегі көрікті ойларын жыр кестесімен өруге құштар жан. Кезінде облыстық және аудандық газет беттерінде біршама өлеңдері жарияланып та жүрді. Оқып-тоқығаны мол жанның адамгершілік өнегесін ұлық тұтып жазған өлеңдері мен жастарға гибрат боларлық тәлімді шумақтары аз емес.*

*Сонымен қатар бүгінде пайғамбар жасына келген Сатекеннің имандылық, мұсылмандық парыз төңірегіндегі уағыздары мен жүрекке түйгендері де жыр шумағы болып төгіледі. Осы кітаптың “Тобаға келдім тәуба деп” аталатын бөліміндегі өлеңдері пендені шаригат жолынан адаспауға шақыруымен, Алланың растығын, Пайғамбарымыздың — хақтығын уағыздауымен ерекше құнды ғой деп ойлаймын. Аллага гибадат білдіретін өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері бар, қарапайым жәмиғат қа түсінікті тұрғыда жазылған.*

*Сатыбалды Әбілқасымұлының сондай-ақ ет жақын бауырларына, ағайын-туысқа, дос-*

*жаран жандарға арнап жазған жырларының да айтар ойы мол, тәрбиелік-өнегелік мәні зор. Өмірдегі әртүрлі жағдайларға орай берілген ақ баталы тілектері де әдемі өлең болып өрілген.*

*Түйіп айтар болсақ, шағын кітаптағы көпшілікке ұсынылған дүниелер өнеге мен өсиет нұрын бойға шашуымен құнды. Өлең жолдарынан оқыған жан біршама гибрат алары анық.*

**Амандық РАХҰЛЫ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.**



## ТҮЙІН СӨЗ

*Жезқазған қаласының тұрғыны Сатыбалды Әбілқасымұлы Қызыртегінің ақындық дәрежесі бізге белгісіз. Дегенмен, “Тобаға келдім тәубе деп” аталған кітабының тақырыбы өлең сөзбен жазған шарият мәселесі болғандықтан, ол кісіге “Бір Аллаһ жарылқасын!” деген бата бере отырып, жазған кітабы өз оқырмандарын табады деген сенімдемін.*

*Себебі, қазіргі таңда қазақ тілінде Құран, Хадис, басқада шарияттар аударылып, баспалардан кітап болып көптеп шығып жатыр. Дегенмен, ежелгі қазақ халқына түсінікті, жақын өлең сөзбен жазылған шығармалар болғандықтан, Сатыбалды Әбілқасымұлы Қызыртегінің кітабы, имандылықты жаңа бастаған мұсылмандар қауымының арасында, мұсылмандықтың негіздері, парыздарымен танысуда өз орынын алатынына сенемін.*

**Жезқазған өлкелік өкіл имамы,  
Жезқазған мешітінің бас имамы  
Талғат қажы ӘСЕМБАЙ.**





*Бірінші бөлім*

# **ТОБАҒА КЕЛДІМ ТӘУБӘ ДЕП!**

*Біз — жолаушы...  
Өмір — керуен сарайы.  
Қызық-думан  
Сол сарайдың маңайы.  
“Аллаһу”, — деп Зікірлеп  
Шын берілген пенденің,  
Келіп, кеткен,  
Не дүлдүлдің талайы.*





## ТӘҢІРГЕ ТАСБИХ (тағзым)

Атымен Алла бастайын,  
Тобадан бірақ аспайын.  
Өмірдің көрдім жалғанын,  
Біраз сөз елге тастайын.

Қаны бірге қазағым,  
Көп көрдің өмір азабын?!  
Алладан жайлап сұрадым,  
Көрсетпе тағдыр тозағын.

Ес жиып райдан қайтындар,  
Жалғызға тасбих айтындар.  
Бұзылмасын пейіл тек,  
Адам жоқ қазір жай тындар.

\* \* \*

Бісмілләсіз ештеңе,  
Алмағын сен колыңа.  
Ерте деме, кеш деме,  
Андап қара жолыңа.

Арақ — атаң асы емес,  
Нәпсіге еріп құнықпа.  
Соңы болар бос егес,  
Андушы шайтан ұмытпа.

Нәпсім, неткен ашкөзсің,  
Еш тиым жоқ тағатсыз.  
Ерік алып бас-көзсіз...  
Қадам бастық ағат біз.

Бәрін билеп тұрғандай,  
Өзімсіне құнықтың.  
Саған еріп сор мандай,  
Хақтың жолын ұмыттым...

Жасаған, жалғыз өзіңе  
Мадағымды айтамын.  
Ұлы күшті сезіне,  
Райымнан қайтамын.

Не қылсаң да қолыңда,  
Байлаулы басы құлыңмын.  
Құрбанмын өзің жолына,  
Зікірім, барша ұғымым.

Тасбих етіп атыңды,  
Құрбандық шалам өзіңе.  
От болып тау-тас атылды,  
Алланың әмір, тезіңе.



## БІР СҰРАУ БОЛАР ТҮБІНДЕ

Мойынұсынып әмірге,  
Тәуекел еткін тәңірге.  
Өздігінен бола алмас,  
Кұзырында оның бәрі де.

Ойлама бәрі тегін деп,  
Балқиды болат, темір де.  
Тау-тасың шаң боп ұшады,  
Алладан келсе әмір тек.

Пасықтыққа жегілме,  
Намаз оқы, ерінбе.  
Қорықпай өтіп жалғаннан,  
Өкіріп жүрме көрінде.

Оқысаң намаз елірме!  
Жеңіл сөзге берілме...  
Шайтани амал болмасын,  
Істеген ісің тегінде.

Аллаға мадақ айтады,  
Бәрі өз хал тілінде.  
Ақылға салып байқағын,  
...Бір сұрау болар түбінде.

## ТӘҢІР ТЕЗІ

Әй, пендем, ғафыл қалмай амалға асық!  
Бір сұрақ берерім хақ тұрма сасып...  
Жаным таза еді деп бос лепірме,  
Ғибадатсыз болмаңыз жанды лас ғып.

Тән шірір, жаның өлмес мәңгілікке!  
Беттеме нәпсіге еріп мәңгүрттікке...  
Белден кешіп жүрсіндер лас батпакты,  
Қалайша тынши алар жаның тіпті.

Кожа ғып барлығына мен жараттым...  
Үлгі болсын бәріне деп жараттым.  
Жын-періште, бәрінен артықша етіп,  
Нұрын төксін ғаламға деп жараттым.

Ей, Адамзат, асқынба жөніңе көш,  
Ертеңменен болмасын бәрі де кеш.  
Менменсінген әзәзіл болған шайтан,  
Айту парыз қалғанын оны өзің шеш...

Төрт жүз мың жыл өткеріп ғибадатпен,  
Имамдық жын-періште бәріне еткен.  
Адамға мен жаратқан мойынсынбай,  
Жұмақтан лағнеттеліп шайтан кеткен.

Тіліңіз ғибадаттан тосылмасын,  
Бір амал, бір амалға қосылмасын.  
Мәңгі алдыма келерін хақ деп білгін,  
Аз күнге пәни жалған осындасын.

## **БӘРІ ДАҒЫ ӨЗІҢНІҢ ҒҰЗЫРЫНДА**

Құран — шын, Пайғамбар — хақ,  
Алла — ырыс!

Одан өзге ештеңе мәңгі тұрмас.  
Ол үстем, аса дана, әрі жалғыз.  
Одан басқа ештеңе билік құрмас...

Кемдік жоқ, оның ешбір тұрысында,  
Он сегіз мың ғалам тұр уысында.  
Басы жоқ, аяғы жоқ, ол — мәңгілік,  
Ештеңе жасырын қалмас қуысында.

Бір Алланың бар екен бірнеше аты...  
Суреттеп, сипаттауға келмес заты.  
Аспан — жерді бір мезгіл меңгеріп тұр,  
Естір-көрер шаршамас ғаламаты.

Нәпсіге еріп бой ұрма қызығуға,  
Сең сөгіліп аз-ақ тұр бұзылуға.  
Алла — ұлы, Алла — ұлы, Алла — ұлы.  
Бәрі дағы тек соның ғұзырында...



## ТӘУБАҒА КЕЛУ ДҰҒАСЫ

Бөледі мені бұл дұға,  
Өзгеше бір сезімге.  
Жүрекке жыр тұнды да,  
Құйылды нәсер сезім де.  
Кешір “Алла” жарылқа,  
Ниетімнен қайтамын.  
Өз алдыңа бас ием,  
Өзіңе тәубе айтамын.  
Алла, жалғыз өзіңсің,  
Алды-арты жоқ о басы,  
Жалғызсың сен серіксіз,  
Барша ғалам қожасы.  
Мәңгі тірі өзіңсің,  
Барлығын да жаратқан,  
Мейірімді әрі рахымды,  
Бір өзіңе қаратқан.  
Игілік бер, Жаббарым,  
Мұхаммедтей досыңа,  
Соған еріп тәубе еткен,  
Мүһміндерге осынау.  
Білместікпен істеген,  
Күнәм болса кешіргін.

Жаным таза, тән таза,  
Ақ боламын шешімім...  
Алла, жалғыз өзіңнің,  
Ғақ жолыннан ұстадым.

Адал құлың қыла гөр,  
Азабыңнан тысқары.  
Үміткер бір құлыңмын,  
Өзіңнің нығметіңнен,  
Мархаббатылардың мархаббаттысы,  
Өзіңнің мархаббатыңмен.

\* \* \*

Несібе — ол Тәнірден аққан бұлақ...  
Кейбіреулер қалады камтынкырап.  
Өзінің несібесін толық ала-алмай,  
Көбіне момын жандар қалар жылап.

Сасық байлық біреуді құл етеді,  
Нәпсіге ерсең жаныңды жүдетеді.  
Тобасызға қонса егер сондай нәсіп,  
Қас наданның айнымас бірі етеді.



## АЛЛАҒА ҒИБАДАТЫҢ БІР НҮРЛЫ ЖОЛ

Аллаға ғибадатың бір нұрлы жол,  
Жалғанның жаңылысынан сақтайды ол.  
Жетім қыз Рабиғаны әулие еткен,  
Жалғыздың не қылса да құдыреті мол.

Жаманнан бойды тартып, сақтаныңыз,  
Жаксыдан үлгі-өнеге ап калыңыз.  
Тұшынып әр аятқа, әр сөзіне,  
Пейілмен ықыласпен жаттаныңыз.

Кадамыңа нұр жаусын, басыңа бак,  
Әрбір істің әмөнда Аллаға хақ.  
Істеген жақсылығың бәрі бекер,  
Іздеп жүрсен мактаныш, мансап, атақ.

Көп ішінде тасбихты қолыңа алма,  
Жан-жағыңа байқаста, оны да аңда.  
Көпті сыйлау керегін ұмытпағын,  
Біреуінен артық сөз естіп қалма.

Мінәжатым жан үшін деп есепте,  
Сәулелі, шуақ төк сен қалың көпке.  
Көпшілік ол тәңірдің бір есімі.  
Еңбегің көпке еткен кетпес текке.



Қандай сый апармақсың бұл өмірден,  
Құлай жығыл Раббына шын көңілмен.  
Пәрмен келсе топырақ болар бәрі,  
Жаралса да болаттан, не темірден.

Қақырынып, шіреніп мырзасыма,  
Құлшылығың істеген өз басыңа.  
Жақсы-жаман ісіннің бәрін жазып,  
\*Қос періште әрдайым тұр қасыңда.

Баршаны есеппенен жаратқан хақ,  
Терең ойла сөзімнің мәнісін бақ.  
Бір Алладан басқаның бәрі жалған,  
Ағып өтер жұлдыздай, бәрі сынап.

Орында әр амалын ғанибетпен,  
Жан болғын білім нұрын көпке төккен.  
Тақуа Алла деген сіз болыңыз.  
Кетпейді сонда еңбегің тектен-текке.

---

*\*Кирамин, катибин*



## ОРЫНДА АЛЛА ЖАРЛЫҒЫН

Тобасы мол адамға,  
Риза боп көңіл толады.  
Каперсіз жатқан наданға,  
Не айтуға болады?!

Адам түгіл табиғат,  
Зікір айтар Аллаға...  
Болсын ісің ғанибат,  
Жалған айтып алдама.

“Бәрі өз хал, тілінде —  
Мадақ айтар Алла” — деп.  
Түсінген мұны іліммен,  
Таза тұрар әр уақыт .

Мықты болса сенімін,  
Сүйенерсің байыпқа.  
Күдікпен кешкен өмірін,  
Ескексіз ұқсар қайыққа.

Тіршілік — теңіз толқынды,  
Буырқап көкке атады.  
Көгермеген сол сынды,  
Мезетте өшіп жатады.

Дәріптеп Зікір айтамын,  
Ұлы күштің барлығын.  
“Тәубә!” деп райдан қайтамын,  
Орындап Алла жарлығын.

## ДОСҚА ТІЛЕК

Бұл сөзді айтамын, дос, саған арнап,  
Алладан мінәжатпен тілеп зарлап.  
Барасың ашкөзденіп нәпсі қуып,  
Біріңнен аспақ болып бірің кармап.

Намазбенен тұрарсын “Алла кеш!” деп,  
“Күнәмді білер-білмес, өзің шеш!” деп.  
Жақсылық-жамандығың ниетіннен,  
Пейіліңе лайықты өзі шешпек.

Жаныңа күмәнді істі ұялатпа,  
Төнінді үйреткін сен ғибадатқа.  
Тілмен иман үйіріп, құлшылықпен  
Ерінбей барар жолды тиянақта.



## ҚАЛМАЙЫҚ ҚАРА БАСЫП

Өмірде ақ пен қара арбасып тұр,  
Дәмі бітпей тіршілік жалғасып тұр.  
Жеңілмей не жеңіске жете алмай,  
Бағысып бірін-бірі барласып тұр.

Бірінғай қызықтың да кетер дәмі,  
Тіршілік бір бес күндік бекер бөрі.  
Түйсініп бір Алланы дәріптендер,  
Бір сұрақ болары анық, жетер әлі...

Өткіздім елу деген өмірімді,  
Тауып бер, түзе Алла пейілімді.  
Көпшіл ем бала жастан, жаным жомарт,  
Сыйла енді қалған жасқа мейірімді.

Өтейін зыр жүгіріп қызметінде,  
Құлшылық, қаза етпей міндетімді.  
Жылайын, шын беріліп бір өзіне,  
Ибадат еткеннен соң, күнде-түнде.

Кеше гөр Хақ тағала ғафулықты,  
Білер-білмес өткізген асылықты.  
Тәуба деп өткендерден, шегінемін,  
Бір өзін жасайтын тек жақсылықты.

Ібіліс жетектеп ап ала қашып,  
Көп жандарды жатыр ғой дараға асып.  
Кәлима айтыңыздар, ей, адамдар!  
Қалмайық надандықпен қара басып.

## МЕШІТТЕ

Орыны емес бос сөйлеудің бұл жерін,  
\*“Иә, жаратқан рахметіңе есік аш”, — деп.  
Босағаннан оң аяқпен кіремін.  
Дүние сөзін Алла үйінде ұмыттым,  
Білім нұрын құя гөр тек, тілерім.

Инабатты, сабыр толы жүрегім,  
Барлығын да Алла ісі деп білемін.  
Кұзырыңа тәуеп еттім өзіннің,  
Біліміңмен өніп қайта түледім.

Бәрін, бәрін Алла ісі деп ұғамын,  
Өзің жақта мекенім де тұрағым.  
\*“Мейірім мен шапағатқа бөле” — деп,  
Босағаннан сол аяқпен шығамын.

---

\**Аллаһумма абуабар рахматика*

\**Мин фадлика-л-газим*



\*\*\*

Кіріп алып мешітке —  
Түрлі сөз бағып естітсек.  
Күнәмізге күнә артып —  
Қиналармыз жер бесікте?!

Көппен бірге өтеген,  
Құлшылықта сауап көп.  
Үндемей шыкса нетер ед —  
Жан тазарып қалар тек.

Надан болып өтпейік...  
Үйрену ілім — парызың.  
Жанды ауыртпа тек кейіп,  
Жасамас мұны жаны ізгі.

Бәріміз де туыспыз,  
\*Бір атаның баласы.  
Ізет-құрметпен жуыпсыз.  
Болса көңіл аласы.

Шын берілсең дінге сен,  
Ұмтыларсын білімге.

---

\*Адам ата — Хауа анадан  
тұғандығын меңзейді.

Талапсызға сенбес ем,  
Келтірмес орнына бірін де.

Жан тазарып қуанарсын,  
Еткен ниет — пиғылмен.  
Иманды кәміл ұғарсын,  
Бағыштап бәрін ұғыммен.

“Лә илаһа, илаллаһ!”  
Болсын әркез тілінде...  
Әдеп — үлкен ғибадат,  
Жұмсақ болсын үнің де.



## БАЛАМА ӨСИЕТ

Айналайын, жан балам,  
Әр нәрсені андаған.  
Ұлы күшті дәріпте,  
Мен болайын садаған.

Мәңгілік бар ма түбінде?  
Алдымен не жаралған?  
Содан соң не таралған  
Тіршілік мәні не өзі?!.  
Ішіп-жеу ме, бар арман.  
Түбіне көрші үніле...

Анау ай не, күнің не?  
Жұлдызын не, түнің не?  
Жер, суың, от пен гүлің не?  
Осының бәрін жаратқан,  
Бір Ұлы Күш Пірің не?!.  
Бағынады ғылым да,  
Сол Ұлы Күш — Іріне...

Жемісті ағаш мәуелі,  
Болған жоқ баста әуелі.  
Түбінде, түптің түбінде,  
Не нәрсе болмақ тәуелді.



Дәріптесен Ұлыны...  
Кылғаның ол шүкірлік.  
Бас имесең ұғынып,  
Астамшылық, күпірлік.

Зәру емес ол сенін,  
Зікірің мен сөзіңе.  
Ғибадатың, сенімін,  
Барлығы да өзіңе.

Сана-сезім бар болса,  
Күпір іске бармаңыз.  
Ұят пенен ар болса,  
Алдағы істі қамдаңыз.

Өзімізбен ештеме,  
Көрге бірге түспейді.  
Ұятсыз адам сескенбей,  
Бар білгенін істейді.

Өлгеннен соң тірілмек —  
Болатын іс сеніңіз.  
Тірілгенде күлімдеп,  
Жемісін істің көріңіз.

Қу нәпсіге ерем деп,  
Бәрінен де бос қалма!..

“Жемісін істің көрем” деп,  
Ұлы күш рас тоспағы...

Еріншектік — ол дағы  
Қу шайтанның жұмысы.  
Ерте бастан тәубә қыл,  
Болымсыз іс құрысын.

Ой жүгіртіп қарашы,  
Он сегіз мың ғаламда.  
Таң-тамаша қаласың,  
Бар сұлулық адамда.

Жаның бөлек, тән бөлек,  
Бір-ақ тамшы қанымсың.  
Өз алдыңа дөңгелеп,  
Тасқын боп аққан ағынсын.

Не нәрсені жандырар,  
Қызуы мол жалынсың.  
Құмарымды қандырар,  
Бір жерден ойын табылсын.

Анықтайды ғылым да,  
Сонынан өлем жаралған.  
Осыны мықты ұғын дәл,  
Бастауы бар нәр алған!

Не нәрсені ойға алма,  
Аллаға еткін тәуекел.  
Сіңер асың бойға да,  
Соңы болар береке.

Әй, жан балам, сезе біл,  
Тәңірдің тезі ескенін.  
Ақылмен болжап көре біл,  
Не нәрсенің өшкенін.

Ақылмен адам жасайды,  
Не ғажапты қолынан.  
Қаһарға әркез ұшырайды,  
Шыққандар Алла жолынан.

Бас ие жоқ бір бостан,  
Қыратындай құлшындық.  
Көп асқанға бір тосқан,  
Болатыны — ол шындық...



## ЫЛІС ЖОЛЫ БІЛСЕҢІЗ

Ниет еттім, иә Алла,  
Бір өзіңе табына.  
Жалғыз сенен сұрайын,  
Бұл тілекті жалына.  
Шүкірлікті ұмытты.  
Риза болмай барына.  
Лағнет атқыр ұрыпты,  
Тойғызып жынды қағына.  
Арак-удын кесірі.  
Дерт, індет боп жабысты,  
Көп жандардың жанына.  
Дак түсірді — арына.  
Айырды адал жарынан,  
Ағайынның жанынан.  
Тайдырды тұғыр тағынан,  
Ұшырды бастан бағын да.  
Қара қылды ағын да,  
Жара қылды жанын да.  
Алды қолдан малын да,  
Бойдағы жақсы барын да.  
Ең соңынан ұшырар,  
Кеудесінен жанын да.  
Осыған барып тірелер.  
Түскендер арбау жолына...

## САҒАНАДА ТУҒАН ОЙ

*Сағана — деген өлген адамды қоятын қабірдің бір түрі. Жер астынан үй іспетті жасап онда өлген адамдарды қоятын тақытша болады. Бұрынғы өлген адамдардың еттері ағып кетіп, құр сүйегі қалғанда, ол сүйектерін қасына жинап қойып, жаңадан өлген адамның сүйегін сол тақытшаға қояды. Мен мұндай орын жасауға кеңес бермес едім...*

Көргенімде көз бұлдырып,  
шеке басым күрсады,  
Бұл баянсыз пәни жалған тұрса әлі...  
Сүйектерін жинап қойып,  
тағы қою жаңасын  
Қысылтан жағдай болса бір сәрі.

Барар жерің осы болар: “көр” деген!  
Көп екен ғой көргенімнен, көрмеген.  
Қалай ғана тынши алар адамзат,  
Көр екеші көрінде де тербеген.

Мұрат басы бірлік бар да, ырыс-күт,  
Қатарымнан қалмаймыз деп тырыстық.  
Тіршілікте бәріне де ризамын,  
Өлгеннен соң берсе болды тыныштық.

## **КӨРМЕҢІЗ ОНЫ БАСҚАДАН**

Жерім кандай кең болса,  
Пейілдің сондай кеңдігі.  
Рухым жұтаң кем болса,  
Көпке бармас елдігім.

Рухани сенім әмөнда,  
Сүтімен ана тараған.  
Пейілі тар заманда  
Рухани жұтар бар адам.

Тәлімдеп ұрпақ өсіріп,  
Дәретсіз жер баспаған.  
Тәубәсіз кетсек ес іріп,  
Көрмеңіз оны басқадан.



## 40 ПАРЫЗ

Мұсылманда қырық парызды,  
Қысқартса былай болады.  
Санаға түйсе жаны ізгі,  
Көңілі нұрға толады.

\* \* \*

Мұны білу бәріне міндет — қарыз...  
Мұсылмандық тұтқасы қырық парыз!  
Жетеуін көріп ал иманнан анық,  
Бесеуі — ісләмнің іргетасы нағыз.

Алтауы — намаз тысында,  
Алтауы — іште ұсынған.  
Екеуі — хайіз, ніфаста,  
Үшеуі — тұр ғұсылда.

Төртеуі — тән тәямға,  
Төртеуін — көр дәреттен.  
Қисық жолдан тый аянба,  
Түзу жол көрсет әдеппен.

Тұрмасын тілің тосылып,  
Ғылым іздеу болмысын.  
Зерделі болсаң осыны үк,  
Жан рахатын, онды ісің.

Қырық парызды жіліктеп,  
Таратып сізге берейін.  
Ден қойсаңыз біліп тек,  
Арта түсер мерейін.

### ***I имандағы жетеуі:***

**Бірінші — иман келтіру:**

*Жақтан барға келтірген,  
Бір Алланы тануың.*

**Екінші — иман келтіру:**

*Періштенің бұйрықпен,  
Демалмастан күні-түні.  
Бар әлемді бағуын.*

**Үшінші — иман келтіру:**

*Алладан түскен төрт кітап,  
“Алла сөзі” екеніне нануың.*

**Төртінші — иман келтіру:**

*Адамға Алла тараптан,  
Пайғамбарлық даруын.*

**Бесінші — иман келтіру:**

*Ахырдың болып бір күні,  
Тірінің жерге баруын.*

**Алтыншы — иман келтіру:**

*Жақсы-жаман әр істің,  
Алланың тағдырға жазуын.*



**Жетінші — иман келтіру:**

*Ең соңында тіріліп,*

*Бәрінен сұрақ алуын.*

***Исламдағы бесеуі:***

Шын берілсең Аллаға,  
Иманың кәміл болмағы.  
Намазбенен әрқашан  
Жанның нұрға толмағы.

Оразамен күнә төгіліп,  
Қалыптың таза болмағы.  
Зекет берсең дәулеттен,  
Бәлені кері қайтарар.

Есіңізге ал сол жағын.  
Қаражат болса бір рет,  
Меккеге қажы қылыңыз.  
Қамдандағы жол жағын.

***12 парыз намазда:***

Дәрет алып жуынсаң,  
Тәніңнің ақ болмағы.

Намаз оқыр жеріңіз,  
Нәжістен пәк болмағы.

Ұятты сіздің жеріңіз,  
Жабықтығы нақ болмақ.  
Намаз оқыр мезгілін,  
Белгілі бір уақ болмақ.

Намазға беттер тұсыңыз,  
Мекке, Құбыла жақ болмақ.

Құлақ қағып: ниет, тәкбірмен,  
Аллаһ әкбар, мен бас бармақ.

Намаз ашқыш тәкбірмен,  
Намазыңыз басталмақ.

Ниетім қабыл болар ма деп,  
Киямда, жалғыздан, жасқанбақ.  
Қырғатпен оқы құранды,  
Кетпесін тым аспандап.

Бас пен белді бір денгей,  
Иіліп хұзыр етуді —  
“Руқғуғ” дейді астарлап.

Сәждеге барып маңдаймен,  
Арасына қос қолдың —  
Тізелеп жатып бас қоймақ.

Екі бас намаз соңынан,  
Соңғы отырыс жасалмақ.

### *Дәреттегі 4 парыз:*

Шынтаққа дейін қолды жу,  
Тазалыққа ниеттеп.  
Қос құлаққа дейін бетті жу,  
Мандайдан бастап иекке.  
Мәсіх тартып үш саусақпен,  
Мандайдан желке жет дер ем.  
Таза сумен аяқ жу,  
Оңнан бастап еппенен.

### *Дембіндегі 4 парыз:*

Дембіндегі бір парыз,  
Таза топырақ табуың.  
Ниет қылып таямға,  
Болуын ойла қабылын.  
Қол соғып таза жынысқа,  
Бет сипап дәрет алуың.  
Тағы ұрып топыраққа,  
Қол жуған бейне-мәсіхпен,  
Шынтаққа дейін баруың.

### *Екі парыз Хайыз — Ніфаста:*

Хайыздан соң жуынып,  
Тазалыққа әдеттен.  
Ніфастан соң тазару,  
Бұл бір парыз қажет те.

“Нәһи мүнкәр” деп айтар  
Жаман жолдан тиып адамды,  
Тентекті тезге салуын.  
“Әмри Мағруф” деп айтар  
Түсіндірумен момынның,  
Адал-арам айырып,  
Түзу жолға баруын.  
Тағы бір парыз білініз:  
Алланың танып ақ жолын,  
Сусындап білімге қануын.

### *Ғұзыл парыздары:*

Әуелі тазарып ал дағы —  
Үш рет шәй аузыңды.  
Ғұсылдандам деген тілекпен.  
Үш қайтара мұрын жу.  
Орыныменен ретпен.  
Бар дененді пәктеп сен,  
Иманның нұрын, гүл ет сен.

\* \* \*

Танып, біліп, адал-арам сырларын,  
Көз жеткізіп жүрекке түй, біл, жаным.  
40 парыз сезіміңе нұр кұйып,  
Осылайша өрнекті оймен жырлағын.

## ОЙЛАНШЫ

Қайдан келген, ойлашы, бұл ғаламды?!  
Сан кейіппен тіршілік құрған жанды.  
Ұлы Алып, көрінер тек көңілге,  
Ақыл беріп, өмірші кылды адамды.

Бір-біріне тәуелді, байландырған,  
Аспаның ол қоруыш, қойған нұрдан.  
Жаратылыс — есеппен түзілгенмен,  
Жаратушы — есепсіз ойландырған!!!

Пейіл, ниет — ақ жолдан бұрылмайды,  
Нақтан қорқып тартамын бүгін қайғы.  
Шектеулі мен шектеусіз бірдей емес,  
Соны соқыр, парықсыз ұғынбайды.

Өздігінен ештеме құрылмайды,  
Бір Ұлы Күш жаратқан күнінді, айды.  
Өлшеулі мен өлшеусіз бірдей емес  
Соны кейбір сорлылар ұғынбайды.



## **“ТЫНЫШТЫҚПЕН АТСЫНШЫ ДЕП, — НҰР ТАҢЫМ”**

**“Тыныштықпен атсыншы деп, — нұр таңым”,**  
**Ел бірлігін, көп ойлаймын ұл қамын.**  
**Имандылық нұрын себем жастарға**  
**“Мәңгірттеніп кетпесін деп, — ұрпағым”.**

**Тез құқтырғыш жастар Батыс жыртағын,**  
**Хан істі қайтсем, түштеп құртамын.**  
**Ал — арам не екенін ұқтырам**  
**“Тысық болып қалмасын деп, — ұрпағым!”**

**Ақстырар өмір дауыл бұрқағы,**  
**Ізгі бол. болашақтың сұлтаны!**  
**Солар үшін мен ұялып тұрамын,**  
**Анамен салғыласса ұрпағы.**

\* \* \*

**“Компьютерге жеткен заман” десек те,**  
**Мәңгі күнді алмадым мен есепке.**  
**Болашақты көп ойлаймын әр түні,**  
**Қаттамдағы ұйқы алдында төсекте.**



## ТӨРТ ТАҒАҢДАР

Жаксыға өздікпін,  
Ет жүрек жан бауыр.  
Жаманға кездікпін,  
Кызыл бауыр қандауыр.

\* \* \*

Өтірік өрге баспайды,  
Жамандық жанды ластайды.  
Әділ жандар ешқашан  
Бүгежектеп саспайды.

\* \* \*

Бәрін көрер Қүдірет!  
Колдың кірі — қызмет.  
Бір Жалғызға мойынсұн...  
Баспасын сені әбілет!\*

\* \* \*

Ақындардың жырымын,  
Адал жанның сырымын.  
Жаратқанға тірілер  
Бүкіл, барлық ұғымым...

\* \* \*

Өзіңе адал құлың бұл,  
Алдымен өзін ілім біл.  
Адал жүріп, ақ тұрғын,  
Кейінгіге ұғындыр.

\* \* \*

Өмір өз иінінде илейді,  
Адамды ағымымен билейді.  
Алланың күдіретіне сенсеніз,  
Пендесін отқа салса да күймейді.

## ҚАНАТҚА

Ұлы Күш барлығын пікір ғып,  
Тоғыссын: тәубе мен, шүкірлік.  
“Маймылдан тарадық” деуменен,  
Адами тұғырдан ұмтылдык.

Жаксылар болады бір төбе,  
Дін десе, шошып үрке ме?!  
Салауатты өмір салтына,  
Көмектес, басқаға сілтеме!

## БӘЙІТ ЖИЕНІМЕ

Қайырлы боп қадамың,  
Өрге бассын талабың.  
Өнеге бол еліне  
Жаксылық, үлгі, жаңаның.  
Адамы едім мен өзі,  
Пәктікке тұнған сананың.  
Алды бар да, арты жок,  
Қожанасыр ағаның.  
Ойымның барлап ауаның,  
Берерсің өзің бағамын.



## МАРЯК ЖИЕНГЕ

Өзіндей ғана болар-ақ,  
Біртуар ұлттың ұланы.  
Сөйлеген сөзің нақылдай,  
Сүйсініп көңіл тұрады.  
Жаксыдан тәлім көрсендер  
Көркейер, өнеге тұрағы.  
Зердесіне токиды-ау,  
Зейінді жаннын құлағы.  
Жаксыдан тиер шарапат,  
Үлгілі істің бұлағы.  
Ападан қалған көз еді,  
Жырымды менің ұғалды.





*Екінші бөлім*

**ӨМІРІМ  
ӨРНЕКТЕЛЕР  
ӨЛЕҢМЕНЕН**

*Шынайы тілек болмаса,  
Жүрекке сөзің жетпейді!  
Алла өзі қалдаса —  
Ақ бата босқа кетпейді.*



Уа, адамдар, шешілмеген жұмбақсың!  
Өмірінде тек салтанат құрмақсың.  
Аш көзсің сен, бәріне де тойымсыз,  
Сондықтан сен мәңгі тірі тұрмақсың.

Уа, адамдар, жазылмаған кітапсың!  
Арлы болсаң сен бір тәуір кісі-ақсың.  
Не жетпейді аз күнгі бір өмірде  
Бір-біріңді сөзбен матап тұсапсың.

Уа, адамдар, сендер терең сырлысың!  
Ішінді ашса сондай сансыз қырлысың.  
Қонақсындар бір-біріңе жалғанда  
Сонда дағы жатырсындар қырлысып.

Уа, адамдар, не жетпейді сендерге?!  
Жаратушың рух берген, дем берген.  
Татулықты туғып ұстап әр жерде,  
Шектен шықпа сабырға кел сенделме.

Уа, адамдар, көр өзінді тозаңсың,  
Жаратушы көріп тұр ғой қожан шын.  
Ілімді Алла артық көрген бәрінен  
Озсаң бірақ тек сонымен озарсың.

Уа, адамдар жақсы жолға беттендер!  
Еңбекпенен мандайдан тер төккендер.  
Алла өзін сен арқылы көрсетпек —  
Бірақ сендер шектен шығып кетпендер.

## БАТА

*(Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа)*

**Қолыңды** жәй, Нүреке!  
**Ақ батамды** берейін.  
**Сөздер** сөзге шешенсің,  
**Бүкілдеген** көмейің.  
**Шынайы** ықылас жүректен,  
**Ақ тілекті** төгейін.  
**Қызық** туса қасында,  
**Қызыр** болып жебейін.  
**Ең үшін** етер еңбекте,  
**Қырық** Шілтен боп демейін.  
**Алғын** шығып аспандап,  
**Үстем** болсын мерейін.  
**Ең-жұртыммен** бірге боп,  
**Қаныш** қызық көрейін.

Алғыс алғын халқыннан,  
Асығың түссін алшыдан.  
Алладан әмір болса егер,  
Тас тесілер тамшыдан.  
Мандайына әркімнің,  
Бір жазғаны бар шығар.  
Толкытпай көңіл жүректі,  
Бір қолайлы заң шығар.  
Кірсе уайым көңілге,  
Шалқар көлің тартылар.  
Кам көңілді адамның,  
Тілдерінен зәр шығар.

Әділет күрса салтанат  
Көңіл көзі аршылар.

Иесі өзін көреген,  
Өресі биік парықтың.  
Бағы үшін туғансын,  
Қазақ деген халықтың.  
Сұңғыла терең ілімді,  
Саясатқа қанықсын.  
Артындағы елінді,  
Бар әлемге таныттын.  
Елім деген ер болдын  
Нұрын төгер жарық күн  
Ұлым деген елінді  
Жақсылыққа қарық қыл  
Нышаны да өзінсің  
Мұқалмас жігері алыптын.

Өмір өзі әкелер  
Топ жарғанын мыннан бір  
Ақ-әділ боп қашанда  
Жан-жағынды нұрландып.  
Тазалықта судай бол,  
Мөп-мөлдір боп тұнған бір.  
Әділетте мәлік бол  
Күрзісімен ұрған бір.  
Сөзіңізде тәңір бол  
Мәңгі бақи тұрған бір.  
Өмірінде патшасың  
Әмір тезін құрған бір!  
Алғыспен елің еске алар  
Өлмес-өшпес із қалдыр!

\* \* \*

Ақынның ең ардағы — ой-арманы,  
Үшқыр ой адалдықпен нәр алғаны.  
Бір талқын көңіліне әсер етсе,  
Бой баулып, күй сезім боп таралғаны.

Ақынның ең ардағы — ой-арманы,  
Үшқыр ой адалдыктан нәр алғаны.  
Жүрекке шабыт құсы келіп конса,  
Қандай ол қиындыққа бара алмады.

Ақынның бір ардағы — үшқыр талап,  
Қалдығы жүрегінді жыр ғып тарат.  
Байлығы көрсет солай өнерінді  
Билік қолд. өтен болып қағып канат.

\* \* \*

Жан сезініп жалғаннан жерінеді,  
Ішкен — ірің, жегенім — желім еді.  
Ой-арманы ақынды баурап алса,  
Сезімсіздер күпиіп семіреді.

Адам құлы өмірдің жегіледі,  
Өз үлесі әркімге беріледі.  
Жазмышы біреуді тезге салар,  
Тарыдайын түйілген келідегі.

## ҚАРИ БАЛАМА БАТА

Алланын берген сыйы бағы ма бұл?!.  
Құран сөзі толтырды жанымға нұр.  
Мен жастарға беремін ақ батамды,  
Төгейін шын жүректен жарыла жыр.

Жақсылардың жанынан табыла біл,  
Пәктігіңмен ел-жұртқа таныла жүр.  
Алла аяты төгілді түйдей-түйдек  
Бой балқытып күйылды арыма нұр.

“Болдым ғой!” деп әмәндә тасымандар,  
Жақсы көрер ел-жұрттың жасы бондар.  
Жүректерге күйындар Хақтың сөзін  
Жақсылықтың жаршысы басы бондар.



## **ПАЙҒАМБАРЫМ с.ғ.с. ЖЕТИМДІ ЖЕБЕГЕН**

Кінән жоқ сенін, жеткіншек,  
Жабыркап жаның жылайтын.  
Болғанмен анаң безбүйрек,  
Халкын бар құшар күн-айдын.

Күйгелектеніп ұрынба,  
Кінә артпа тағы тағдырға.  
Зар заман өткен бұрында,  
Бір үзім нан мен тандырға.

Күныңды, күнім, кетіріп,  
Өзіннен өзің сұйылма.  
Онсыз да көп ғой есірік,  
Әжесін сатар тиынға.

Тар болса іші не пайда,  
Болғанмен мына ғалам кең.  
Өмірдің мәні ақша емес,  
Өмірдің мәні адаммен.

Ел тізгінін ұстайтын,  
Ертенгі күні сендерсін.  
Төңірге келер күш қайсы,  
Зияты жан ғып теңгерсін.



Сабырлы болсаң мейірімді,  
Хақтың жолы - ол деген.  
Табарсың әлі-ақ үйірінді,  
“Көп түкірсе көл” деген.

Ұмытып хақтың жолдарын,  
Дүние қуып кетпегін.  
Дайында ұзақ жол қамын,  
Жақсылыққа беттегін!

Қара қазақ бірімін,  
Дархандығым даладай.  
Жас ұрпақ өмір гүліне,  
Төгемін мейір аямай.

Қанағат айт бәрің де,  
Тәубәні әр кез кұнытта.  
Ойға алып жасың, кәрің де,  
Жетімдер үйін ұмытпа.  
...Жетімдер үйін ұмытпа!...



## ИМАМҒА БАТА

Тектен шыққан тартыпсың-ау тегіңе,  
Қондыбайым келдің туған жеріңе.  
Ақ жүрекпен, адалдықпен, беріле,  
Шын пейілмен қызмет ет еліңе.

Астам жолдан өзінді әркез сақтағын,  
Тек адалдан болсын ырзық тапқанын.  
Кешіліктің тілін тапсаң, жаным-ау,  
Сонда сенің қалың көпке жаққаның.

Көптен бірге әр ісінді шешкейсін,  
Сонда нағыз түзу жолға беттейсін.  
Көздетеп сен менмендікке салынсаң,  
Кешіліктен өз-өзіңнен шеттейсін.

«Кешілік ол бір есімі – Алланың!»  
Әркім кешер хақтың басқа салғанын.  
Ақ пейілмен бәрін тартсаң өзіңе,  
Күннен-күнге арта түсер салмағын.

Сенен қажы ақ жүрек ед, ақ адал,  
Сондықтан да құрметтеуші ед бар адам.  
Сондай жанның тұяғы едің сен де бір,  
Аяқт менен кем болмассың санадан.

Көбейгені тірлікте ибалығын,  
Орныққаны жүректе иман нұры!  
Көрініс берсін солай күн боп күліп,  
Көңілге асыл қазына жиғандығың.

Қуаныш әр жүрекке сыйла, күнім,  
Шықсыншы инабатты ибалы үнін.  
Өзіңмен сұхбаттасқан жан иесі  
Қондырсын жүрегіне иман нұрын.

Соның бірі ед хазірет Осман зиннурайын!  
Пайғамбарым сыйлаған күн мен айын.  
Періште де ұялған сол Оспаннан  
Биік қасиет берген соң бір құдайым.

Сондай болу керек қой әр имамым,  
Таза ұстаған бәрінен ар-иманын.  
Бұлт басса, аспанда не көрінер?  
Сендер — жұлдыз Жарқыра бәрің, жаным.

Ақ жүректен бердім тілек-батамды,  
Көргенді бол, жақсы деген ат алғын.  
Жақсы көріп сыйлаушы едім Секенді  
Сен де таны Сатыбалдыдай атанды.

## ӨМІРІМ — КӨРГЕН БІР ТҮС ӨТЕ ШЫҒАР

Өмірім — көрген бір түс өте шығар,  
“Не көрдің?” деп кейінгі ұрпақ сұрар.  
Айта жүрер артында сөз қалмаса,  
Сен бір пенде болғанын ұмытылар.

Ақын емес адаммын ақынжанды,  
Көп тындадым аузында нақыл барды.  
Көптін сөзін сөйлеген бір ұл көрсем,  
Ішім жылып, пейілім жақындады.

Арын үшін күрессең ұнамадың,  
Бұла өскен ұлы едім бір атанын.  
Пәк сезімге бөленіп көп күндерім,  
Армандармен атып ед бұла таңым.

Бата әкеден кем туар сынық сүйем,  
Текті ұрпақ жүрекке жиып түйген.  
Жаксы болсын мейлі ол, жаман болсын,  
Көрінеді бір жері түп негізден.

Елін қорғап жатпаған аса үйде,  
Көп сабылған қарамай басқа күйге.  
Нияз бабам денесі дамылдаған,  
Қасиетті, киелі жер Яссауиде.

Тұяғы едім көзіндей қас батырдың,  
Байлық мұра тұтпадым бас қатырып.  
Көппен бірге көремін не көрсем де,  
Солар үшін жүрегім жасқа тұнды.

Көппен бірге боламын бөлінбедім,  
Солар күлсе, күледі көгімде күн.  
Солар жетсе, мұратқа бірге жетем,  
Байлық-мансап бақ болып көрінбеді.

Байлығым да, барым да — бауырларым,  
Солар барда думан-той ауылдарым.  
Солар алыс кетсе де жұмыспенен,  
Елжіреумен ет жүрек сағынарым.

Мінезім бар ұшқын алған жасыннан,  
Сөзім алмас кесіп түсер асылдан.  
Жырым, сезім, жүрегімнің лүпілі  
Қылын шертер көңіліңнің басып дәл.

Тоба-тоба емеспін мен тасыған,  
Пейілім кең бала кезден жасымнан.  
Күлтелемей сөзімді ашық айтамын,  
Ойым да жоқ еш уақытта жасырған.

Мекен еткем тазалықтың ауылын,  
Тектен-текке соққан емес дауылым.  
Мен қалайша ғайбат сөзге бара алам,  
Адамзаттың бәрі болса бауырым.

Тек тазалық мен сендерге тілеймін,  
Өздерінен бірге өнемін, түлеймін.  
“Сокласын. — деп қырық бірінші жылғыдай  
Жердің бетін ойран етер дүлей күн”.

Менің жаным тазалықты тандаған,  
Намыстыны, парықтыны андаған.  
Менің аузым өсек, өтірік сөз тасып,  
Менің қолым арыз-шағым жазбаған.

Ақ-атаддың болсын биік тұғыры,  
Күншіл жанның — тұман, бықсық ғұмыры.  
Ой пікірі сана-сезім, бар тірлік,  
Шайтани ой тек олардың ұғымы.

Өрмекшідей шырмап бәрін тастаған,  
Нәсіпқасын табу үшін басқадан.  
Жүрек шаншып, ақ пейілім жиренер,  
Ондай пасық, арам ойлы касқадан.

Ақ-атаддық түп тамырым тегімде,  
Қысық -ақ қой мына жалған өмірде.  
Бір көмегім тие ме деп жүремін,  
Сонда шат боп, марқаяды көңіл де.

Адамменен қарсы алам әр күнімді,  
Пір тұтамын имамдарды ілімді.  
Бір-бірінің арттарынан сөз тасып  
Токтық итін шірітті ғой ұғымды.

Көзді ашып-жұмғандай-ақ өмірің,  
Тек тазалық басып өт сен көрігін.  
Бұл пәниің сынақ алаң біз үшін,  
Мөлдір-таза болсын әппак көңілің.

Иманыммен жүрегіме нұр тұнған,  
Иманыммен өмірім гүл құлпырған.  
Көре алмаған іші тарлар жарылып,  
Боратады небір сөзді сыртымнан.

Мен бәрібір еш уақытта саспадым,  
Тәубе, шүкір, сабырдан тек аспадым.  
Хақ біледі менің әрбір ісімді.  
Керегі жоқ маған одан басқаның.

Жер мен көктей жақсы-жаман арасы,  
Болмашыны сөз етпейік таласып.  
Безбенге сап тереңірек барласаң,  
Айырасың сонда олардың арасың.

Бір Иенің өміріне қарашы —  
Жанды-жансыз жұбымен тұр жарасып.  
Бар әлемі бір-біріне байлаған  
Құдіретіне таң-тамаша қаласың.

Бір Ұлы Күш құзыретінде іс барлық,  
Пенделікпен болған емес іштарлық.  
Ақ-адалға таза жанға құмармын,  
Пәк сезімге қойған Құдай күштар қып.

Әлеміз Қызыр ұлы Әбілқасым —  
Қолдасын аруағы жарылқасын.  
Қалға алған ісімді Алла қолдап,  
Дос сүйсініп, дұшпаным таңырқасын.

Иманбектің қызы еді Бибіайша анам,  
Бесінші ұрпағымын Нияз бабам.  
Сағыбатды болады өз есімім —  
Осылайша түзілді өмірбаян.





## НАЗ

Армысын, ақ көкешім, қасиетті,  
Үлкеніміз айтатын өсиетті.  
Бүгінгі ортамыздың ақ сақалы,  
Білерлік жастар болса бас иетін.

Жырдан шашу шашайын тойыңызға,  
Жүресіз әрқашанда ойымызда.  
Жақсының қалған ізі, тұяғы едік,  
Жамандық болмас біздің бойымызда.

Тойыңыз шаңырақта құтты болсын,  
Жүрегіңе әрдайым шаттық толсын.  
Шаруаныз ілгерілеп, өрге өрлеп,  
Басыңызға бақ құсы келіп қонсын.

Шаруанның барлық ісі оңдасын,  
Ешқашанда қайғы реніш болмасын.  
Мәрттің бірі ең, атаға тартқан қызбалау,  
Жамандаған сені ешқашан оңбасын.

Сыйынар әруағым алтын тәжім,  
Тілеуімбеттен туған ед Жүніс қажым.  
Сол Жүністен туыпты алты ағайын:  
Иса, Қызыр, Рақыш, Қияш,  
Рахмеди, Рақымжаның.

Иса жуас болыпты койдан момын,  
Қызыр жепті туғанның әрбір қамын.  
Қызекене білім қонып молда атанып,  
Сөзін арқа сүйепті қалған бәрі.

Рахметди еркесі өжет білем,  
Найзагер әбжіл бопты, әрі епті де.  
Сөз ұстары Қызекен болғаннан соң,  
Жүрек бірге әрқашан тілек бірге.

Рахметнан ұлдан тақ тудың,  
Сеніммен біраз бак кудың.  
Ата салтын сақтамай,  
Жат бауыр ұрпақ жат қылдың.

Жәнізіз жоқ қой ғой ақталар,  
Сыртта жүрген жат болар.  
“Әкә”, “Үкә” — деп алдайтын,  
Сұлдасы мықты сарт болар.

Аз ба, көп пе өмірім?!  
Керек-ау адал көңілің.  
Кереті жоқ дүниенің,  
Аллама таза сенімім.

Қалты кетсек кешкейсін,  
Ежелгі дұшпан өштейсін.

Ат басын тіреп ауылға,  
Амандық біліп кетпейсін.

Түсінер бұны ұға алған,  
Сенімім — ақ жол, шырағдан.  
Әруақтарды әрқашан,  
Тастамаймын дұғамнан.

Бұл сөзді мен арнадым түсінгенге,  
Айтпаймын, болып-толып ісінгенге.  
Ертең-ақ айырар бір жол айрығы,  
Ең жақын, ең сүйікті кісіңнен де.

Жаксы адам әділ, ақ болар,  
Айтқаны нақыл, бап болар.  
Токсан ауыз сөзімнің  
Түйіні осы тоқталар.



## ЖАҢЫЛЫС БАСПА, БАУЫРЫМ

Не болып барад бұл заман?!  
Тәубәсіз кетті көп адам.  
Ақшаға сатар туғанын,  
Қорықпай нактан хас надан.  
Үрей мен қауіп жан-жағын,  
Қатерге толы әр қалам.

Ынсап кетті басшыдан,  
Көбейді ауру асқынған.  
Жолын табу керек бір  
Аман қалу тасқыннан.  
Өзіне-өзің жау болмай,  
Қоя біл басшы жақсыдан.

Бір бетімен кетсе егер  
Түбінде тәнір тексерер.  
Әлемдік қауіп туып тұр.  
Баса атсан жалын өрт сөнер.  
Жаңылыс баспа өй Адам...  
Қасын жоқ дозақ ап келер!



## ЖИЫЛМАСЫН ДАСТАРХАН

Бісмілламен сөзді ауызға алайын,  
Әбілқасымнан біз тудық алты ағайын.  
Мұндай жерде жайрандап жүруші еді,  
Садырбайым жоқ қазір, айналайын.

Нұрға түнсын құлпырып  
бар маңайым,  
Ассалаумағалайкум, жиылған  
барша ағайын!

Жаңа іске үмтылып талаптанып,  
Себеп болды кездесуге Балтабайым.

Әрқашан да істер ісін ақ болсын!  
Көңіліңіз ылас ойдан пәк болсын.  
Сабырлы бол әр ісінде, құлыным,  
Бастарыңа үйіріліп бақ қонсын!

Орындалсын ізгі ниет ақ арман,  
Пәк сезіммен ақ тілектен жаралған.  
Бұл қызыққа ортақтасқан ағайын,  
Қуанышка қуаныш қос тағы алдан!

Меселінді ешбір жан қайырмасын,  
Шаңырағың той-думаннан айырылмасын!  
Жиылмасын дастархан осы беттен,  
Ақ тілекпен бір рет жайылғасын!

Ізгі ниет, ақ сезім тұнып тұрсын,  
Бұл ордаға әрбір жан күліп кірсін!  
Жүздеріннен арайлы нұр жүгірген,  
Барша жан қуанышты ұғып тұрсын.

А, құдайым, тілден, көзден сақтасын,  
Енбегінді, бейнетінді ақтасын.  
Бірге жүрген қызметтес достарын,  
Пейілінді, кеңдігінді мақтасын!



## СЫЙЛАСЫҢДАР ЖАЛҒАНДА

Көздеген мақсатына бар ма жеткен,  
Өмірден не бір дүлдүл дана да өткен.  
Тәңірден пәрмен бұйрық келген күні,  
Карамай алды- артына бәрі кеткен.

Жаксыға дәулет- сәулет жарасады.  
Кол беріп жоқ-жітікке қарасады.  
Пасыкка арамнан бір дәулет бітсе,  
Ырылдап көрінгенмен таласады.

Бой берме, сабырлы бол, сен ашуға,  
Итті де иесімен қинасын да.  
Аз күнгі бұл пәнидің ең қызығы,  
Түсінісіп бірін-бірі сыйласуда.



# СЕНІ ОЙЛАП ҚАЗЫДЫМ-АУ, БАУЫРЫМ

*(Садырбайға)*

Ақпан айы. Дала боран, үскірік,  
Жарық сөніп жанталасқан тіршілік.  
Шакырғанда бармап едін бағана,  
“Қара тышқан” Төлеутай келді ысқырып.

Үйдің іші алай-түлей көк түтін,  
Пеш тартпайды: көрмеген соң көп күтім.  
Мұнда бәрі қаз-қалпында — дедің сен,  
Тосыңыздар жалғар тағы, тек күтіп.

“Мен ешқайда бара алмаймын, бармаймын”,  
Дедің ғой сен түсіндіріп хал-жайды.  
Амал қанша қисайған қу Төлеутай,  
Өз аузыңнан званда деп болмайды.

Өткен іске өкінгенмен амал жоқ,  
Бұл санатта кісілікті адам жоқ.  
Қу Төлеутай, көгермегір су Сайлау,  
Келіп тұр-ау жан алғыш боп, ажал боп.

Түнгі екіге дейін жүрдің солармен,  
“Жеткізетін бір көлігі болар” деп.  
Тарап бәрі кетті үйді-үйіне,  
“Осы ауылға қона салар, қонар” деп.



Түсінетін сөзінді адам болмады,  
Үйдің жайы уайым болды ол жағы.  
Совхоздан бір көлік таппай тұрығып,  
Үйге қарай шығып кеттін сен дағы.

Мұндайлардан адам шықпас арайлы,  
Өздері де тез көбейіп, тарайды.  
Алдарынан кездескен бар адамға,  
Іштарлықпен, қызғанышпен қарайды.

Тәубәсіз ел, азғындады асқындап,  
Такалды ма, бір нәубетті тосқынға?!  
Қой баққызды бұл күндер,  
Қойдың жауы қасқырға.

Қарсы алдыңнан жынды боран сақылдап,  
Келіп қалдың, келдің үйге жақындап.  
Жанағы ойлар толғап келе жатты да...  
Өте шықтың аңғармай сен қапы қап.

Осылай сен тағдырменен таластың,  
Жанмен болды-ау талас мын...  
Дедің-ау сен маған арнап, көкешім, —  
Адассам мен, оймен жүріп адастым.

Себеп болып санасыздың бір ісі,  
Жас өмірдің тоқтап тынды тынысы.  
Елің үшін еңіреген ер едің,  
Сондықтан сен ұмытылмас ұлысың!

Сайрандап сен жүруші едің, жайрандап,  
Кұрбын үшін жалғыз түстің майданға.  
Қанша дұшпан болса дағы қайтпаушы ең,  
Қолдын ұшын беруші едің қайдан да.

Аңкылдаған ак жүрегім сен едің,  
Қысылғанда жан көкелеп не дедің?  
Қажымас сен қайрат беріп әрқашан,  
Қайрап мені ақылыңмен демедің.

Сенің орның ерекше еді мен үшін,  
Қас-кабақпен табысушы ек келісім.  
Аныратып артқа тастап кеттің сен,  
Жан беруге даяр едім сен үшін!

Көп еді ғой өмірдегі арманың,  
Арманыңды арманыңа жалғадың.  
Өмірін тез өтіп барад екен ғой,  
Сонғы кезде жаным қайда бармадың?!

Орны ерекше әрқашан да жақынның,  
Өксіменен түндерде ылғи аһ ұрдым.  
Жылауменен қала берді-ау артыңда,  
Жас балаңды жаным кімге тапсырдың?

Тәубә, тәубә, деуші едім мен ылайым,  
Боздап қалды-ау, артыңда жас жұбайың.  
Жан-жарынды жаным кімге тапсырдың,  
Жетімдерді жебей жүрші, құдайым!

“Басымызды қосайық” деп жүруші ең,  
Өмірдің де ығын өзің білуші ең.  
Сәті түсіп орындалса бір ісін,  
Қабак қағып, жаркылдап бір күлуші ең.

Сен айтушы ең данышпандар не деді,  
Бұл өмірден көзқарасың кең еді.  
Дінді берік ұстап едің боздағым,  
Арыстаным, ақылы мол кемелім.

Бірге туған туысқанның құрығын,  
Беріп едім саған сеніп, құлыным.  
Кім-кімнің де қарсы келмей сөзіне,  
Тіл табысқан сезімі мол, жұлыным.

Бірі — дүлей, морт кетеді бас-көзсіз,  
Бірі — ынжық іштен тынар еш сөзсіз.  
Бірі — ұшкалақ отқа түсер көбелек,  
Соны көріп жанып-күйем, еш дертсіз.

Бір-бір білгіш билеп алған барлығын,  
Мысы басып орындатар жарлығын.  
Келін өзі келгендей, іні өзі болғандай,  
Дәл соларға караса, не болады арғы күн.

“Сабыр, сабыр, жан көкешім!” — деуші едің,  
Қай ісінді ұмыта алам мен сенің.  
Басқалардан биік тұр ғой тұғырың,  
О, айналдым, аруакты еңселім!

Ерте айрылдык әке менен анадан,  
Кем болмадык акыл менен санадан.  
Косылып біз жылап алып, қатайып,  
Тіршілікті бастаушы едік жанадан.

Көп болғанмен бір атадан тараған,  
Халді сұрап келмеуші еді жан адам.  
Бірге туған апатайдың өзі де,  
Шанырағың құладыға санаған.

Қанша қызық, қанша думан өткен көп,  
Шақырғанда мінеп-сынап келген көп.  
Ұмытылып қалса солар тағы да,  
Бұртияды сырттан ретсіз өкпелеп.

Қыз ұзаттым, қарындасты қыздай ғып,  
Інілерді үйлендірдім ұлдай ғып.  
Әке-шеше жоғын әркез білдірмей,  
Солар үшін шегуші едім мен қайғы.

Мені жалғыз түсінетін өзің ен,  
Бұл өмірді сенсіз тұл деп сезінем.  
Сал шыдасан, асықпасан, құлыным.  
Өзіңменен көп кешікпей кезігем.

Жана жетіп ел-жұрт болып едіңдер,  
Жас егіндеі хактың нұры төгілген.  
Мен Аллама табынамын бес уақыт,  
Тәубәмді әркез шығармаймын көңілден.

Сені ойлап қажыдым-ау, бауырым!  
Аллам салды көрдім қаза ауырын.  
Тәңір дағы алады екен адамның,  
Ең алдымен, ең жақсысын, тәуірін.

Арыстаным, айбатымнан айрылдым,  
Ақ сұңқарым, канатымнан қайрылдым.  
Ақ алмасым — нақ жүзінен майрылып,  
Ойнақтаған ақ ботамнан айрылдым.

Топ бастаған қолбасшымнан айрылдым,  
Жау жасқаған жолбарысымнан айрылдым.  
Арқа сүйер тірегімнен айырылдым,  
Мен деп соғар жүрегімнен айырылдым.

Сыңар болған егізімнен айрылдым,  
Сері көңіл, сезімімнен айрылдым.  
Атымтайдай жомартымнан айрылдым,  
Өлең болар өзегімнен айрылдым.

Себеп болып жауапсыздың бір ісі,  
Токтап тынды жас өмірдің тынысы.  
Білер адам құран оқы сауапқа,  
Садырбай Әбілқасымұлы үшін.



## САДЫРБАЙДЫҢ ЖЫЛЫНДА

Ой... бірге туған құлыным,  
Омыртқадағы жұлыным.  
Жоқтау айтып тербесем,  
Бұрынғыдай болар ма?

Жоғымның орны толар ма?!  
Жас толды ғой жанарға.  
Қанша жұтсаң кара жер,  
Оқпаның толып қанар ма?!

Өте шықты-ау бір жылым,  
Бір-ақ күндей санарға.  
Өксуменен өтті ғой,  
Мың құбылып сан арна.

Көп ұзамай артыңнан,  
Құлыным, менде барам ба?!  
Өзіңменен табысып,  
От болып қайта жанам ба?

Найзағайдай жарқ еттің,  
Қылығың калды-ау санамда!  
Сабыржаным — сабырым,  
Ерекше еді-ау қадірің.

Артыңнан ерген жастарым,  
Көп алушы ед тағылым.

Үлкеннің алдын кеспеп ең,  
Үлкенсіз — іс шешпеп ең.

Үлгі-өнеге әрдайым,  
Жаксылық көрем тек сенен.  
Боздағым-ау кеңпейіл,  
Жарқ-жүрк етіп жүруші ең.  
Үлкендерге еңкейіп,  
Иіліп сәлем беруші ең.

Көрініп содан тұратын,  
Биіктігін мәртебен.  
Кішіге қамқор қылатын,  
Олар да саған еркелер.

Нияз бабам жалғасы,  
Тұлпардың сен тұяғы ең.  
Қатарыңнан алға асып,  
Шын асыл бөз қияғы ең.

Ұмытылмай қылығын,  
Көп тербейді жанымды.  
Өзің едің ұлығым,  
Ортаға тартар барынды.



## ҰСАҚТЫҚ СІЗДІҢ ҚАТЕҢІЗ

Сөздеріміз қайда уәлі?  
Аузымыз қайда дуалы?  
Не болып барад бүгінде,  
Парасат — Кәусар бұлағы?

Адалдық еді ұраным,  
Бір Алла жолы ұғарым.  
Әділет жолын көрсеткен,  
Қолымдағы Құраным.

Қазақ деген қыранын,  
Бабтап мінген пырағын.  
Жауынгер халық болатын,  
Үзілмейтін жыр-әнің.

Төгілтіп сөзді шешендік,  
Көрсеткен не бір көсемдік.  
Ненді ұрпақ ұмыттың?!  
Қай жерде кеткен есенді ұқ.

Қыл жарып еді биіміз,  
Қыдыр қонған үйіміз.  
Мәрт істермен келген ғой,  
Көңілге соны түйініз.

Арыстан еді әкеміз...  
Айдай болған тәтеміз...  
Тышқан болсақ бұл күнде,  
Қай жерде қане кәтеміз?!..



## ДОСҚА ТІЛЕК

Жүйелі болсын сөзіңіз!  
Киелі болыңыз өзіңіз.  
Ұлы Күш барын пікір қып,  
Алланың бірлігіне сеніңіз.  
Мойынсұнып жалғызға  
Құман ұстар кезіңіз.  
Пендесін көп сынайды,  
Сабыр сақтап төзіңіз.  
Тобаң түспей аузыңнан,  
Шайтани ойдан безіңіз.  
Шын сеніп етсең құлшылық:  
Ақ дегенің алғыс болар  
Кара дегенің қарғыс болар  
Имандай кәміл сеніңіз.  
Санасы жетіп ұққанға  
Шын достық осы сөзіміз.



\* \* \*

Парыксыздау келеміз,  
Бабалар өткен ізбенен.  
Мазасызбын мен ылғый,  
Шарк ұрамын ізденем.  
Жылайды екен бұрында  
“Бір күнім өтіп кетті”, — деп.  
“Зейнетақы алсақ” деп,  
Асығамыз біз деген.

Рухани жұтап бұл күнде,  
Төмендеген санамыз.  
Күйіп-пісіп, өртеніп,  
Болмашыға жанамыз.  
Диірменнің тасындай  
Зыр айналған дүниеде,  
Айтыңызшы бауырым,  
Асығып қайда барамыз.



## ҚАПЕРСІЗ ПЕНДЕ, ТҮСІН СЕН

Қаперсіз пенде, түсін сен,  
Сынақта қазір жүрсің сен.  
Жаратқанға қалай қайтпаксың,  
Қандай күймен, ісіңмен.

Көкірек пенде білгейсің,  
Мәңгілік өмір сүрмейсің.  
Ақыретте сұрақ болғанда,  
Бәріңіз дағы бірдейсің.

Нақтың жолын білгесін,  
Нұрланып жанып гүлдесін.  
Оң қолмен берсең садақа,  
Сол қолың оны білмесін.

Жамандық бүгін аскынып,  
Көбейіп кетті хайласы.  
Ұлағатты жақсының  
Көпке тиер пайдасы.



## ҚАБЫЛ БОЛСЫН ТІЛЕГІҢ

Адамы емес жылпылдаған ептінің,  
Ұрпағы едің асыл, бегзат тектінің.  
Жазда аптап, қыста үскірік аязда,  
Еңбекпенен өтіп еді көп күнің.  
Бейнетіңнің жемісіндей бұл күні  
Бұршақ атып жеміс төкті көп гүлің.

Ұрпақтарың бейнетінді ақтады,  
Ата ісін жүрегінде сақтады.  
Ала жібін ешкімнің де аттамай,  
Кәсібімен, адалдан мал тапқаны.  
Қажылыққа өзіңізді жіберіп,  
Ізгіліктің оты болды жаққаны.

Қабыл болсын, Жазыбек қажы тілегің!  
Еңбекқордың, бейнетқордың бірі едің.  
Құрмет тұтар ел-жұртың да сол үшін  
Ғибадатпен жайнай түссін гүл өңің.  
Қажылыққа менің өзім барғандай  
Қуаныштан жарылып тұр жүрегім.

Қолыңыздан түспеуші еді құманың,  
Оқитының болсын енді Құраның.

Тобаң түспей әрқашанда аузыннан  
Шүкірліктің жағушы едің шырағын.  
Отбасыңыз ойын-тойдан арылмай  
Немере-шөбере естіңізші жыр-әнін.

Баққа орансын алтын ордан тұрағын,  
Хақтың жолы болсын әркез ұғарың.  
Сырлы сөзбен мен өзімше өрнектеп,  
Өлең-жырдың ағызайын бұлағын.  
Ілтипатпен, Жазеке қажы, қабыл ал  
Ықыласын, ақ жүректі,  
Сатыбалды құданың!



## ӘКЕГЕ ТАҒЗЫМ

*(әні бар)*

Күс ұшырмай әздектеген басымнан,  
Қырандыққа баулып едің жасымнан.  
Өр тұлғана карап сенің үлгі алып,  
От алдым мен жарқылдаған жасыннан.

### Қайырмасы:

*Әнім - әке, жаным - әке, сен - әкем,  
Өзің барда көңілім шад мереке ед.  
Тағзым етем әруағыңның алдында,  
О, қамқоршым, асқар тауым - берекем.*

Тілмен емес, ділінменен үйреттін,  
Бір Алласыз жат мінез деп күйректік.  
Арды, жанды таза ұстап әрдайым,  
Дұшпанынды әділ іспен күйреттін.

### Қайырмасы:

О, айналдым, ет жүрегім, жан әке,  
Сағыныштан өрілген бұл ән әке.  
Бар жақсылық, тұнып тұрған, мөлдірлік,  
Бір өзіңе, бір өзіңе тән, әке!



## САҒЫНЫШ САЗЫ

Айналдым кара көзді, карағым-ай,  
Гүл бітсін, нұр күйылып қадамына- ай.  
Көп болды біз сағындық қос құлынды,  
Із-түссіз жоғалған соң хабарың-ай.

Жанымды жадыратар, Қуанышым,  
Сен едің ендігі тек жұбанышым.  
Айнұрым, құлпырған сен гүлім едің.  
Ертеңгі алаңдаймын ұлан үшін!

Алладан өмір бер деп тілеуші едік,  
Сендер деп уайымсыз күлуші едік.  
Көп болды торықкалы біз мұнлыққа,  
Ошактың үш бұты деп білуші едік.

Сағынды мұнда қалған ата-анан,  
Еш ойсыз пенделікпен жата ма адам?!  
Үшеуінді сағындық, боталарым,  
Ой түссе ұйқыдан да қашады адам.

Мүз қатты кірпік ілмей қабағыма,  
Сүйек тұрып қалғандай тамағымда.  
Жүдеу тарттым уайым кіргеннен соң,  
Бұрынғы ұшқын от жоқ жанарымда.

Заман мынау соққан жел құбылмалы,  
Түлкідей ін көп болды құбылғаны.  
Біз жүрміз бір хабарың келер-ау деп,  
Әйтпесе, аз-ақ қалдық жығылғалы.

Айналдым жайрандаған, Жұмакүлім,  
Біз мұңлықтың еске алып, тыңда үнін.  
Маңайым нұрға толып өң кіруші еді,  
Сәулесін төгіп жүрген сен бір күнім!





## ТОЙҒА ТАРТУ

Ата-ана қуанышында шек жоқ бүгінгі...  
Өшкені жанып өлгені қайта тірілді.  
Қол бастар басшы болып Қуанышым,  
Батырдың ұрпағы екені білінді.

Қуаныш — аяла Жұлдыздай гүлінді!  
Шаттық нұр бөлесін жүзінді.  
Той-думан бөлісіп бірге біз,  
Қызықты көрейік күнінді.

Бақыт қой өссе ұрпақ білімді.  
Естиік тек шаттық үнінді.  
Сабырдан шығады жақсылық,  
Тілеймін Алладан тыныштық түнінді.

Ұзақ жас тілеймін мен Хактан әуелі,  
Саялы баққа айнал жемісті, мәуелі.  
Ерің ол пірің ғой Жұлдызжан үйдегі,  
Ер атын шығарар тек жақсы әйелі.

Жарынды жақсы күт жүдет пе,  
Болмасқа күйін бе, тыз етпе!  
Өмірің бақытқа әмәндә бөленер,  
Сыйласым, ізгілік, махаббат, ізетпен.



## **ОРЕКЕ — ЖАҚСЫБАЛА!**

Өшкенің жанып, өлгенің қайта тірілді...  
Қуанышыңның Нияз батыр тегі екені білінді.  
Ел қорғайтын офицер болыпты бұл күндер,  
Жамандықтан қорғаймын деп елімді.

## **ҚУАНЫШ-САҒЫНЫШ!**

Сөз төркінін бағымда...  
Жақсылық тұнсын жаныңда.  
Нияз батыр жүрегі бар,  
Елім деп соғар қаныңда.

Әумин десең маған,  
Бата берейін саған.  
Қабыл болсын тобаң,  
Бір Алла болсын панан.  
Көпті көрген, көреген,  
Дана болсын бабам.  
Жоғары болсын бағам,  
Рухани таза санан.  
Жеңіл іске берілме,  
Болмасын жаның жалаң.  
Әулие болсын анан,  
Ізетті болсын балаң.

Осылай бата бере-бер,  
Дуалы ауыз адам.  
Жоқтан барға келтірген,  
Жаратушы құдайым.  
Жалғыздығына пікір қып,  
Ақылды адам еткеніңе.  
Шүкірлік қылайын.  
*Екі ауыз бата бере алмас*  
*Көбейді адам мүләйім.*  
Өз атынды таспихтап,  
Құдыретіңнен қуат сұрайын.  
Жақсы амал болып еткенім,  
Зікірмен нұрға тұнайын.  
Адал болып пейілім —  
Ақ жолда тек тұрайын.  
Осы отырған қалың көпті  
Жақсылыққа бөле ылайым,  
Жаратушы — Құдайым  
Жан иесі — Құдайым.



## ЖАҚСЫ СӨЗ — ЖАРЫМ ЫРЫС

*Ғалияның тойында*

Мәнді өмір бере көр,  
Алдағы қос құлынға!  
Пенделікпен алданып,  
Түзу жолдан бұрылма.  
Зор үмітпен сенген ғой,  
Ата-бабам ырымға.  
Өмір жолы бұралан,  
Соғады неше қырымға.  
Адал жүріп, ақ тұрғын,  
Болымсыз іске ұрынба.  
Сәтімен болса әр ісін,  
Биік болар тұғыр да.  
Санамен сезіп білемін,  
Бір ұлы күш ұғымда.  
Зерделі бол Ғалия-Болат  
Ақ батаны ұғын да.



## ӘЛИЯНЫҢ ТОЙЫНДА

Ата-анана қуаныш,  
Намысты ұл-қызы бол.  
Баталарын құп алып,  
Көптің бірі емес ірі бол.  
Ізетті боп әдеппен,  
Таза жүріндер дәретпен,  
Рухы таза жан келер,  
Сондай ізгі себеппен.  
Үлгі алсын жастар кейінгі,  
Кішіге болғын мейірлі.  
Өз бағанды біле-біл,  
Жүрегі кең пейілді.  
Жаксыларды ұлықта,  
Ақылын үлкен ұмытпа.  
Өмір жолы ой-қырлы,  
Тазалық болып тұнып қал.



## Гүлбаршын АҚПАНОВАҒА

*Қазір марқұм болып кетті*

*1993-1994 жылдарда әнші Гүлбаршын Ақпанова Қаражал-Жәйрем еркін экономикалық аймаққа әкім болып бекіп келген соң, алдымен мешіттерге келіп, қарт ақсақалдарға сәлем беріп, хал-ахуал сұрады:*

*Сонда Қаражал қаласындағы мешітте айтылған бата-тілек!*

Армысың, ару қыз

Гүлбаршын Ақпанова!

Құтты болсын айтамыз таққа мына.

Бел шешіп кірісер деп халық камына,

Үміт артар көпшілік қарттарын да.

Қолыңды жай, қарағым...

Ақ батамды берейін!

Өрге бассын талабың,

Одан өзге не дейін.

Айтылған бұл көпшілік,

Ақ батасы деп білгін.

Тілегін халық түсініп,

Қуанышпен тек күлгін.

Қайырлы боп қадамың,

Ырыс-бақыт әкелші.

Куансын халқың, қазағың,  
Иманның туын көтерші.  
Жаксылығың елге еткен,  
Тәңір алдында өтелсін!  
Күншілдіктің былығы,  
Болмасыншы басында.  
Қиындық көрсен көп үшін,  
Өр-қайсар бол жасыма.  
Бүгін болдым-толдым деп,  
Ешқашанда тасыма.  
Әр ісіңе, карағым,  
Әрқашан елің сүйінсін.  
Өрге басып талабың,  
Дұшпанның іші күйінсін.  
Қатарыңның алды бол,  
Биік болсын иінің.  
Ақ- әділ бол, арлы бол,  
Естілсін шаттық күйің!  
Ел жұртың тұрсын сүйсініп,  
Әділет болсын гимінің!  
(Аллаһу әкбар, әумин!)



## БӘРІНЕ ДЕ БАР ТОСПА

Үлкеннен алғыс алмаған,  
Жан-жағын жайпап қармаған.  
Не біледі аш көздер,  
Жақсыға көзін салмаған.

Дүние кусаң тоймассың,  
Басыңды жұтпай қоймассың.  
Байыппен қара өмірге  
Ақылға салып ойласқын.

Тойым жоқ өмір гүліне,  
Жеткен жан жоқ түбіне.  
Сабырлы болғын қашанда,  
Ойланып артқа үңіле.

Сырыңды білдік танып біз,  
Иманнан қапсың алыс сіз.  
Баршаны жынға балама,  
Болғанмен өзін парықсыз.

Әруакты таптап аттадың,  
Әз-әзіл сөз боп жаққаның.



Топырақ шашып артыңнан,  
Басқан ізінді баспадым.

Балаларды басынба  
Болмағын кез жасынға.  
Барлығына бар тоспа  
Асу бермес асуға.





*Үшінші бөлім*

**ЖАҚЫНДАРҒА  
ШАШАМЫН ЖЫРДАН  
ШАШУ**

*Кеудеде соққан жүректі,  
Бір тылсым күш толғайды.  
Жан сезімді жүдетсек,  
Бәрінен де сол — қайғы.*



## ЕЛ АҒАМА

*(Әкатама)*

Әр түрлі маршрутты әр кеменіз,  
Өмірге жолды сілтер нар кеменіз.  
Ыстық пейіл, ықылас, сөз арнадым  
Иман мен болсын биік мәртебеніз.

Дейтіндей әркез ағам ол,  
Болсыншы бекем бағам мол.  
Ырысың артып ылайым,  
Тіл — сұқ көзден аман бол.

## МЕЙІР ЕГІНТАЙҰЛЫНА

Қырыққа толдың Мейірім!  
Кіршіксіз ниет-пейілің.  
Жүрегің басып тұрғандай  
Тек тазалық көрігін.

Шаттыққа толып көңілің,  
Ұшқыр болсын сезімің.  
Құтты болсын туған күн  
Ұзағынан болсын өмірін.

## ҚОСАҒЫМ ГАУҒАРҒА

Шуаққа бөлер жан-жағын,  
Гауһарым — асыл жанжарым.  
Өзің барда күн шуақ,  
Нұрға оранар бар маңым.

Жаманымды жасырдың,  
Жақсылығымды асырдың.  
Биік ұстап арынды  
Пір тұтғың да бас ұрдың.

Ұшқынындай жасынның,  
Сынығы едің асылдың.  
Жаныммен сені түсініп,  
Күн болып күліп ашылдым.

Отқа да түстің мен үшін,  
Суыққа да тоңдың мен үшін.  
Жарасыммен таптық біз  
Алланың берген жемісін.

Көп еді асыл арманың...  
Көрерміз басқа салғанын.  
Бар тілерім — Алладан  
Алдыңнан сенің алғанын.

## СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Өзінді көріп ұнаттым,  
Сондықтан саған тіл қаттым.  
Сүйікті сәулем назданшы  
Шамадан аспа бірақ тым.

### **Қайырмасы:**

Көптен күткен жаным-ау,  
Бір менің ғана бағым-ау,  
Өзіңе деген бұл әнді-ай  
Шын жүректен қабыл ал!

Ақ жүрек ару, ерке едің,  
Жүректің сырын шертемін.  
Қуаныш, бақыт, той болсын  
Бұл күнім және ертеңім.

### **Қайырмасы:**

Көптен күткен жаным-ау,  
Бір менің ғана бағым-ау,  
Өзіңе деген бұл әнді-ай  
Шын жүректен қабыл ал!



# БЕРІЛ СЕН ЖАЗЫЛАМ ДЕП ШЫН НИЕТПЕН

*(Балдызыма)*

Алладан тіле қақсама.  
Шипасын сал тазшаға.  
Бір тәңірді жад еткін,  
Көңіл бұрма басқаға.

Құран сөзі рас дүр,  
Шын пейілмен ықылас қыл.  
Әр нәрсені жолымен,  
Орнын біліп құрастыр.

Бұл құран Алланың сөзі,  
Саналының ашылар көзі.  
Тас кереннің миына кірмес,  
Көзіне көрінсе де Алланың тезі.

Жаралған пендеміз ғой сүйектен, еттен,  
Не пайда құр жылтырақ көркем беттен.  
Бұл дертті сен жеңесің мен кепілмін,  
Берілсең жазылам деп шын ниетпен.



## САҒЫНДЫМ, ДӘУРЕН, ӨЗІҢДІ

Ақ жүрегім — күн боп күлген карағым,  
Ашық таза ед сенін мөлдір жанарың.  
Періштедей екі айтқызбас жан едің,  
Сендей жауһар енді қайдан табамын.

Сендей бекзат қалай ұмытам асылды ай,  
Ағып түстің жаркылдаған жасындай.  
Бар жандарды ішке тартып жүруші ең  
Ойнап-күліп бәрі ежелгі досындай.

Сен көздеген мақсатыңа жетпедің,  
Тым болмаса ұрпақ сүйіп кетпедің.  
Өкініш бар жүрек отын қозғайтын,  
Өзіңе арнап айтар сөзім көп менің.

Келер күнге қауіп-қатер үдетті,  
Суық хабар тілгіледі жүректі.  
Отызында орда бұзар жасында  
Қандай жанның, суық жанар — сұғы өтті?!

Тәубеменен сабыр еттім шыдадым,  
Тез сөндің-ау, жарық шамым-шырағым.  
“Сабырлымен Алла бірге” деуші еді,  
Көзден жасты үнсіз ғана бұладым.

Бәріміз де мәңгі емеспіз өлеміз,  
Жазған тағдыр мандайдағы көреміз.  
Сенің орның ойсырап тұр, ботам-ау,  
Сағынады, әлі іздейді Сатыбалды бөленіз.

## БӨЛЕМЕ

Әуелі рахмет тілеп бір Алладан,  
Қуаныш-қызығына жыр арнағам!  
Ақ тілек, пәк жүректер тоғыссыншы,  
Ағайын, туған-туыс, бір арнадан.

Төлеген-Аққу түлегім,  
Бірге соқсын жүрегін.  
Ата-ананды қуантып,  
Гүл жайнасын іреңің.

Сезімдерің пәк болсын!  
Ниеттерің ақ болсын.  
Айналайын, басыңа,  
Үйіріліп бақ консын.

Өмірлерің ұзағынан болсын,  
Шаруаларың бір ағымнан болсын.  
Бақ, дәулет-сәулетімен дарып,  
Баянды тұрағынан болсын.





## **Ғалым МҰХАМЕДИНГЕ**

Мұхандай хан көтерген елінің,  
Сарқыты едің, жақсы, серінің.  
Кендігін дархан даламдай,  
Ізет, құрметке толы пейілің.

Әнші едің жастан майталман,  
Дәстүрлі ән жайып жар салған.  
Мәуелі бәйтерексің бүгінде,  
Зухрабынмен жайқалған.

## **МЫЛТЫҚБАЙҒА**

Сөзге мылқау,  
Жұмысқа қылап.  
Адалдығы оның,  
Мөп-мөлдір бұлақ.  
Сәтімен болса ісі,  
Жымиып тұрад.  
Адамға сенгіш-ақ,  
Сонысы жаман бірақ...  
Бір өзі тұрғандай  
Көкті тірей...  
Мінезі бар алапат,  
Көзсіз бір дүлей.

## БАЛТАБАЙҒА

Айхой-ай...  
Мінезі оның —  
Жарқ етер найзағай!  
Анқылдаған ақ жүрек.  
Көп ойламас пайданы-ай!  
Елпілдеген елгезек,  
Мінезінің жайдағы-ай.  
Жаман туыс қор қылды-ау,  
Ақылыңа бойламай.

## ЕДІЛГЕ

Қашан көрсен,  
Бір қалыпты күйде.  
Көсіліп жатып,  
Көретіні кино.  
Баладай ер көңіл,  
Басы сыйлы түзде,  
Кіріп шықпас ойына,  
Сен оны үйде-бүйде...



## ПАРЛАНҒА

Ғашык жандай өбісіп,  
Тай-құнандай тебісіп.  
Бір емшектен емісіп,  
Болмашыға керісіп.  
Алаңсыз өткен күндер-ай,  
Қайта жылдам келісіп.

Сырынды көзден ұғысып,  
Қас батырша тұрысып.  
Алма-кезек жығысып,  
Қор болған жаңа киімдер,  
Жыртылып женнен жұлысып.

Артта қалып балалық,  
Сәнденіп сонсоң таранып.  
Айнаға жиі қаранып,  
Бөйгі атындай жаранып.  
Алшандаған күндер-ай,  
Ұмтылмастай сара анық.

Жүрекке құпия сыр тұнып,  
Бөйгі атындай жұлқынып.  
Өтіп күндер қым-қуып,  
Отағасы болған күндер-ай,  
Балалық дәурен ұмытылып.

## ҚАЗИЗА АПАҒА

Киелі Қазиза нағашым,  
Ұлағатты анасын.  
Сексенге кадам бассан да,  
Ой толғап өлең жазасын.

Көргенді қылған баласын,  
Мен үшін сен дарасын.  
Сыр пернесін басып бір,  
Содан ләззат аласың.

От болып бірде жанасын,  
Тұмадай тұнып ағасын.  
Ескерткіш кітап қалдырып,  
Алаңсыз кетіп барасың.

Танылған ақын анасын,  
Өмірге кең көзқарасын.  
Өмірің жыр боп өріліп,  
Жүректе мәңгі қаласын.



## **ЖАРҚЫНБЕККЕ!**

“Куаныш болсын әр күн” деп!  
Атыңды қойған Жарқынбек.  
Ісін мен сөзің бір шығып,  
Жүзіңіз болсын жарқын тек...

Қияндарға ұмтылар —  
Қырандығың бар жұлқынар.  
Айта берсін күншілдер,  
Жігітсің нағыз бір туар.

## **БІРЖАНҒА**

Сабырмен бәрін бойлаған,  
Әріден болжап ойлаған.  
Біржан атты нағашым,  
Ақылға сұңғыла ойлы адам.

Ілтипат мол сөзінде,  
Инабат тұнған көзінде.  
Ақылмен бәрін жасаған  
Берілмей бос сезімге.

## АНАҒА САҒЫНЫШ

Амансың ба, жаным ана, көз көрген?  
Заман мынау алдымыздан кез келген.  
Өзгергенмен адамдар сан құбылып —  
Таза қалпың өзін жоқсын  
өзгерген.

Өткен өмір ұлағатын үлгі етіп,  
Арттағыға айта жүрер сөз терген.

Ізгі ұрпақ көру еді арманын...  
Жылап жүріп көргенін ед Парланың.  
Өзінен соң тоғыз бауыр ерітіп,  
Алла сыйлап, мол шаттыққа жалғады.  
Ақ орданнан қызық-думан арылмай,  
Көрдің бәрін мандайына жазғанын.

Ұлды — ұяға, қыз кияға қондырдын,  
Деген жоқсың “ешкашанда — болдырдым”.  
Ерекеңмен қос аққудай жарасқан,  
Еске түсер сағындырып сол бір күн.  
Ерінбестен ұрпақтарға бердің үлгі-өнеге,  
Ишаратпен дегеніңе бой ұсынып көндірдің.

Мың бір алғыс сіздің еткен ісіңе!..  
Есігіңіз ашық болды жаны таза кісіге.  
Боталарға шуақ төктін, пейілмен,  
Бата бердің баға беріп оның еткен ісіне.  
Балалар да көргенді боп өсті-өніп,  
Мейірбан ана жүрегіне бойлап түсіне.

Мен әрқашан жүрем сізді, ұлықтай,  
Еңбегіңді еске аламыз ұмытпай.  
Өнегелі бала өсірдің жаны таза, ақ пейіл  
Жақсы істі жүрейікші ғұрыптай  
Бәрімізде жан болайық кіршіксіз,  
Ешқашанда сыйластықты суытпай.



## ТЕМІРГЕ

Байыппен қарар өмірге,  
Нағашым мына Темір де.  
Бір қасиет бары анық,  
Тектілік бар-ау тегінде.

Адалдыққа беріле,  
Қиын іске жегіле.  
Шындаласың болаттай,  
Салса да түйіп келіге...

Ізгілік тұнған бойында,  
Тазалық тұнған ойында.  
Кешіп бәрін келесің,  
Жұдырықтай болып мойымай.

Өмірдің асу-белесің,  
Артына тастап келесің.  
Кішіпейіл, көргенді,  
Ақылмен бәрін женесің.





## Өмір КІШЕНҰЛЫНА

Сенімін елдің аркалап,  
Өзіне қойдың зор талап.  
Ерекше бір жан едің,  
Көргенде тұрар қалкалап.

Калыпсыз, аға, қыр асып,  
Кен еді адым-кұлашын.  
Үлгі етер ел-жұртқа,  
Қиығы едің бір асыл.

Өмен аға, қартайма...  
Ортадан көрін әр тойда.  
Үлгілі кеңес айта бер,  
Ақылға кен боп марқай да.



## **НАҒАШЫЛАРҒА**

### **ЖҰМАБИКЕГЕ**

Жайрандаған Жұмашым!  
Кесек еді адым-құлашын.  
Ізгілік тұнсын бойында,  
Сынығы едің бір асыл.

### **ТАЗАГҮЛГЕ**

Жақсы көрер Тазашым!  
Жаныма жақын баласың.  
Ақ, адалниет, пиғылын,  
Жақсылық содан табасың.

Тәтемдей болшы байсалды,  
Жаныңыз жарқын-жайсаңды.  
Жанкелдіңмен көгеріп,  
Ормандай өніп жайқалған.

### **МАРАЛҒА**

Мөлдiреген Маралым!  
Үшқын от толы жанырын.  
Айнасы бол әркашан —  
Жақсы небiр жаңаның.

## ЖАНАРҒА

Жаркылдаған Жанарым!  
Көп еді арман-талабың.  
Орындалсын бәрі де  
Күт болып басқан қадамың.

## СӘУЛЕГЕ

Сәулешім туған айым нұрлы жүзді,  
Бауырмал туғандарға жүрегі ізгі.  
Өзінді сағынған соң жыр арнадым,  
Ұмытпай жүрсендерші сендер бізді.



## **ҚАРЫНДАСЫМ ДАРИҒАҒА**

Көрген түстей өте шығар күн деген,  
Қызғалдақ ең кеше ғана гүлдеген.  
Жеміс төгіп ана болдың бүгінде,  
Арамдықты бала кезден білмеп ең.

Кеңпейіл ең, барға жокқа карамай,  
Жаның жаз ед, дархандығың даладай.  
Шығып қапсың қырық деген қырқаға,  
Мен үшін сен сияқтысың баладай.

“Құтты болсын туған күнің” дедік біз,  
Жер ортасы Көктөбеге келіппіз.  
Ата болар, ене болар шақтамыз,  
Тәуба-тәуба не болса да берікпіз.

## **ДӘРИҒАҒА, ЖҰМАБЕККЕ**

Ақ жүректен жарылған,  
Іштегі сырым, ойым ғой.  
Бұл үйдегі қуаныш,  
Менің мерейтойым ғой.

Туған күнің ұlassын,  
Үлкен қызық-думанға.  
Ауыр жүгің бөлісер,  
Не жетеді туғанға.

Өмір мұхит толқынды,  
Адамды салар әуреге.  
Ұстамды бол әрқашан,  
Не көрсен де, Тәубе де!

Көп терлеген жан озар,  
Еңбек бәрін женетін.  
Ырыс, бақыт бәрі де,  
Тек терменен келетін.

Иттің болса иесі,  
Бөрінің болар тәңірі.  
Шыққан демнің кіруі  
Бір Алланың әмірі.

Ешнәрсе де есепсіз,  
Өмірге өзі келмеген.  
Тірлік үшін құмырсқа,  
Еңбектеніп терлеген.



## МЕРУЕРТ ЖИЕНИМЕ

Жыр болып сокқан жүрегін,  
Ақ адал арман-тілегің.  
Меруерт жаным, ақын бол,  
Омырауымдағы гүл едің.

Болашак сырын біле біл,  
Шын жүректен күле біл.  
Жаңбырдай жырың төгіліп,  
Көңілдің бұлтын түре жүр.

Арманымды ақтай жүр,  
Жыр тұлпарын баптай жүр.  
Өзіңе бердім ақ бата,  
Тіл-көзден Алла сақтай жүр.

Артымнан ерген лағым,  
Төгілсін сел боп жыр ағын.  
Қадамдарын құтты боп,  
Ақталсын барлық мұратың.



## ҚУАНДЫҚ ҚҰДАҒА

Өмір өзен толқындары сабақтасып жатады,  
Үлкен болдык, дуалы ауыз, бәтуәлі-баталы.  
Кеше бала ек таяқты ат қып қызығына тоймаған,  
Аксақалдық келді бүгін сөз айта алсақ аталы.

60 деген құтты болсын, шыққан мына асқарың!  
Қас қаққандай өте шықты, қимас асыл жас шағың.  
Қартайсақ та әдемі біз қартайыық тұғырлы,  
Үлгі-өнеге алардай-ақ кейінгі ерген жастарым.

Таза жүріп, таза тұрып, қолдан құман тастамай  
Негізгіміз таза тұрсын болмасыншы басқадай.  
Өмір сынақ, бұл бір жалған, көзің анық жетті ғой  
Бейқам өткен қамсыз-мұнсыз жас шақ-ай.

Алдап өмір жарқ-жүрк еткен жаһұтты,  
Көп арманмен алдан таңың атыпты.  
Сізге айтар ақ жүректен тілегім:  
Болсыншы әркез ұрпақтарың бақытты.



## НҰРЛАН БАЛАМА

Амансың ба, Нұрланым?  
Аман-сау әркез тұр, жаным.  
Бірлігін Алла танымай  
Қарашы жынның ұрғанын.

Біріншіден ойлағын,  
Сырына әлем бойлағын.  
Жауапсыз жоқ ештеңе  
Талпынбай сірә қоймаған.

Қиын іс түссе, “Тәубе!” де  
Ұстамды бол әлде-де...  
Бәрінен ұлық Бір Күш бар,  
Нәсібе берер әрнеге.

Бағы асканды күндеме,  
Ауызға сақ бол, үндеме.  
Алла көрер бәрін де  
Көзсіз қара түнде де

Үшқыр ойың көп болсын,  
Сөзіңіз әділ, дөп болсын!  
Амандық болса Көкене  
Көрсетерің көп болсын.





## ЖАҚСЫНЫҢ ІСІН ЖАЛҒА СЕН

Қияға көзді салғайсың,  
Үлкеннен бата алғайсың.  
Туыс-туған көп болса,  
Қанатыңнан талмайсың.

Істейтін іс көп алда...  
Нәпсінің тілін көп алма.  
Қырандар өжет, мәрт болар,  
Ой көзіңмен оны аңда.

Кеңпейіл бол карағым,  
Әруағын сыйла ағаның.  
Сәлем-сауқат апарып  
Ісін бір істе дананың.

Тоқ адам бәрін аңдай ма?!  
Не жазса да мандайдан.  
Аштықта жеген күйканың,  
Дәмі кетпес тандайдан.

Сөзін үққын өкенің,  
Жақсы адамға жетелік.  
Тар жердегі балаға  
Рух бер, жігер көтеріп.

## НАҒАШЫ ТІЛЕГІ

Айналайын, құлыным!  
Азаматым — жиенім!  
Сезімді, өткір ұғымың,  
Жұлынындай жүйенің.  
Ақылды болсаң ізетті,  
Сыйға-сый басты иемін.  
Сәкең болар білсеңіз,  
Нағашы деген киелің.  
Бүгінгі тіккен ақ отау,  
Сенсің соғар жүрегі.  
Шаңырағын шайқалтпас,  
Мықты қорған-тірегі.  
Қуанышты сәт күнгі,  
Қабыл болсын тілегім.  
Аялағын Айнұрды  
Біреудің ол да гүлі еді.  
Азамат болсаң ардақты,  
Оның да жайнар гүл өңі.  
Жүрген жерің шаттық боп  
Көңілдің көгін түре жүр.  
Қуаныштан бұл күндер,  
Мұнсыз бенен Өсердің —  
Жарылып жүр жүрегі...  
Бәрінен де солардың  
Қабыл болсын тілегі.

## НАҒАШЫ ТОЙЫНДАҒЫ ТІЛЕК

### *Салтанат құлыным!*

Ата-ананның гүлі бол,  
Отаудың жылу күні бол.  
Мейірімге толы үні бол,  
Ұрпақ тындар ертегі, жыры бол.  
Отбасының ұйытқысы сыры бол,  
Қосағынды қадыр тұт —  
Біле білсең пірің ол!

### *Қайыржан*

Жарынды аяла!  
Барынды аяма.  
Жақсы адам ешқашан  
Сырын сыртқа жая ма?!.  
Отаудың сенсің тірегі,  
Жарыңның сол тілегі.  
Бір сен деп соғады  
Ақ-адал жүрегі.  
Көрсетер назы мың  
Аузына тосар азығын.  
Біле білсең ол сенің  
Сақшың, қазынаң, қазығың!

## ЖИЕНМІН ДЕГЕНДЕРГЕ

Сақы адам әмәнда,  
Бар қазаққа нағашы  
Мал аласы ішінде,  
Кісінің іште аласы.  
Ілім үшін жаралған,  
Әуелде адам баласы.  
Іші тар адам жатады,  
Болмашыға таласып.  
Бәрінен де жаманы —  
Күншілдің жапқан жаласы.  
Кез болсаңыз зұлымға —  
Отына жаққан жанасын.  
Еңбегіңе қарай сыйыңды  
Махшар күні аласың.  
Елегінен өткізіп  
Алла берер бағасын...



## **БАУЫРЛАРҒА**

Інім Сембай — Болатым!  
Өздерін қос канатым.  
Сендермен жаным жай тауып,  
Жүрегім нұрға толатын.

\* \* \*

Аманғұл, Амантай бауырым,  
Байқоңыр — бәрі де, тәуірім.  
Сағындым ғой сендерді  
Алыстап кетіп ауылым.

## **ЖИЕНДЕРГЕ**

Егінбай мен Сұлтаным,  
Қыздан туған ұрпағым.  
Намысты, текті болындар,  
Білмеймін сөздің бұлтағын.

\* \* \*

Ақ жүрек едің Ержаным,  
Ойлайсың бауыр ел қамын.  
Кеңпейіл едің әкендей,  
Басайын төске, кел, жаным.

Асырам деп айласын,  
Ойлайтын тек өз басын.  
Сондайлардан сақтасын  
Басыңнан бақ таймасын.

## КЕЛІНДЕРГЕ

Бақыттылы, Гаукіш, Сәулешім,  
Жемісін берген бау десем.  
Бір-бір үйдің тұтқасы  
Жадыратар жанды, сәулесің.

## КЕЛІНІМ ДӘРКЕНГЕ

Атыңды койған Дәрі бала!  
Дәру болсын деп жанға да.  
Көргенді бол, құлыным,  
Қанағат қыл азға, барға да.

## НЕМЕРЕМЕ

Айналайын қос құлын,  
Жаныма жақын ыстығым.  
Ұзағынан болсын өмірің,  
Омыраудағы қос гүлім.



## БАЛАЛАРЫМА

Жаным балам, Есенім!  
Адам бол ірі, көшелі\*  
Сені берген Аллаға —  
Шүкір етем неше мың.

\* \* \*

Роза, Нүргүл, кос ботам!  
Сендерге берем ақ бата.  
Көргенді боп әрдайым  
Көпшіліктен жақсы ат ал!

\* \* \*

Жұмабек, Жайдар, Асылым,  
Темірәлі аққан жасыным.  
Бәрі де сен түр, мен атам,  
Қорғансындар сайдың тасының.

\* \* \*

Ғабиден, Талғат, Алмасым  
Шаң жұқтырмас арға шын.  
Құрмет тұтар тұлға бол  
Бірлігін Алла танығасын.

\* \* \*

Данияр, Мадияр, Аханым\*,  
Оразәлі бәрі жасағым.  
Анаңды тындап, жақсы оқы,  
Арнадым осы батаны.

---

\*көшелі — көргенді сөзінің баламасы.

\*Ақнұр (дегенім)



## **Күнімай БАЙЗКЕНҚЫЗЫНА**

Айналайын, Күнімай,  
Тұрасың қарап күліп-ай,  
Сен де өз балам екенсін,  
Қуанып қалдым, біліп-ай.

## **ҚАРЫНДАСТАРЫМА**

Ақжолтайым Дәриғам,  
Гүлнәзім мен Сәбирам.  
Балаларыңда бәріңнің,  
Көп болса екен ар-иман.

## **ҚЫЗДАРЫМА**

Құралай, Айгүл, Жадыра,  
Жанбота, Жансая тағы бар.  
Жаман атты шығармай,  
Тектілік тәлім жадыға ал!

Гүлмира, Меруерт, Сымбатым,  
Төсіме басар қымбатым.  
Ізетті-кішік болындар,  
Балқығар жанды үн қабыл.

## ҰЛДАРҒА

Азамат, Асхат ардақты,  
Жігіт болындар салмақты.  
Бекзат, Саят, Алмасым,  
Көргенді болсын жан-жақты.

## МИРАСЫМА!

Мен жолында болайыншы құлдығың!  
Көптен күткен қуанышты күн бүгін.  
Тек жақсылық мирасқоры болсын деп,  
Атыңды да Мирас қойдым ұл, ұғын.

Алды-артына көз жіберіп барла да,  
Ата-анаңа сөз келтірме, арға, дақ.  
Алғыр ойлы, тегі мықты жан бол да,  
Алып ойлы, қыраным бол, самға да.

Өз күрбыңның қашанда сен алды бол,  
Жай оғындай қиып түсер арлы бол.  
Байлық, мансап, бақыт емес адамға  
Намысты ұрпақ көп еріткен, жанды бол.

## АТАЛАР ӨНЕГЕСІ

— Армысыз — шеше!  
— Гүлдей бер, козым.  
Ұмтылды неше,  
Даналық ұғым.

\* \* \*

— Армысыз — Ата!  
— Өркенді бол, балам!  
Жасқа ізгі бата,  
Болмасын жаның жалаң!

\* \* \*

— Армысыз — аға!  
— Бар бол інім!  
Өткендер дана,  
Құя көр нұрын!

Мәуелеп өсіп,  
Кеш мәнді ғұмыр!  
Өмірін бесік —  
Биік болсын тұғыр!



## ИКЕНГЕ

Құлшылыққа икемдеп,  
Тауып бер Алла Икенге!  
Сана көзін ашқайсың,  
«Ал құлым» деп сүйсен тек...

Тазалыққа түнған бір,  
Жан жүрегін нұрландыр.  
Ізгі ниет адам ет  
Періштедей тұрған бір.

Осы сөзді арнадым,  
Түсінер деп ағасы.  
Өзінді отқа салмағын,  
Жүректе болса тоба шын.

Пейіл, ниет, осы істермен ағарар!  
Сонда бәлкім жүрек нұрмен тазарар.  
Қүдіретті Алла амалыңа риза боп,  
Көп жандардан сені биік бағалар!

Байлық берсе ол сынағы Алланың!  
“Ойлар ма, — деп міскін, пақыр, ел камын”.  
Бергеннің де салмағы бар ойлағын.  
Шүкірлік қыл, Алла ісіне бойлағын...

## ЖАРАСТЫҢ ТОЙЫНДА

Бауырлардың үстінде еді тілегім,  
Тек солар деп соғар менін жүрегім.  
Ренжісе солар, бірге қынжылып,  
Күлсе, солар, мен де бірге күлемін.

Солар менің бақытым да асқарым!  
Тек солардан болған емес басқа мұң.  
Бірлік үшін бәріне де көніппін,  
Ойламаппын қара басым бас қамым.

Мен кумадым байлық деген итінді...  
Жек көруші ем есеп бақай қиқымды.  
Көпшіл жандар менің әркез досым ед,  
Солар еді тек мен үшін сүйкімді.

Бақытты бол Жарас-Жадыра карағым!  
Галя менен Балтажанның қабағына  
карағын.

Еті тірі еңбекқор боп әрқашан  
Алғысын ал ата менен ананын.

Екі жаққа бірдей болғын пейілді,  
Үлгі алардай бауырларын кейінгі.  
Өс, өркенде, ұрпақтарың көбейіп,  
Балалардың болсын бәрі зейінді.

Сәлем беріп құдаларға келейік,  
Ортаға сап жиған-терген төгейік.  
Екі жасты аяғынан тұрғызып,  
Қолдан келер хал-қадірше демейік.

## **ДАРХАН СӘРСЕНБАЙҰЛЫНА**

Құтты болсын құсың, Дарханым!  
Ойларсың отаудың бар камын.  
Қосағынмен қоса ағар,  
Бағы бол Айнұр қалқаның.

Сөкеңнің асыл ұлысын,  
Аумайды барлық тұрысын.  
Асыл ісің көп болып  
Кенейт әке тынысын.

Жайқалған өмір гүлісің,  
Мол болсын дәулет-ырысын.  
Туысқан бірлік жолында  
Бір ісіңнен ассын бір ісің.



## ТИМУРГЕ

Ұлымдай болған Тимурым!  
Ұзағынан болсын өмірің.  
Қосағыңмен қоса ағар,  
Нұрға толып көңілің.

Қызымдайсың Шынарым!  
Құтты болсын сыңарың.  
Құт-берекеге бөленіп,  
Сөнбесін жаққан шырағың.

Құт болып кіріп сен енді,  
Көбейтші көктеп өренді.  
Сый-құрметке бөле де  
Қуандыр Раядай ененді.

Ырысты, бақытты болындар!  
Сәулелі жақұтты болындар.  
Ерің — пірдей, әйелің — күндей,  
Өрелі ақиықты болындар.



## Әмірбек ШЕГІРБАЕВҚА

Жігіттің сұлтан нарысын,  
Өнеген жастарға дарысын.  
Иманға кәміл берік бол,  
Бір Жаратушы бары шын.

Мәшһүр болып дабысын,  
Еселеп тұр табысың.  
Туған жер түгіл әлемде,  
Алысын сені танысын.

Жігер жастар жанысын,  
Болашағын танып шын.  
Жетпіске қадам бассан да,  
Үлгі-өнеге аяқ алысын.





## БОЛАТ ҚАЖЫ БАУЫРҒА

Жоктан барға келтірген...  
Жаратушы Құдырет!  
Алла деген пенденді  
Жарылқаудың қамын ет.  
Болат қажы балаңды  
Билігі мықты әмір ет.  
Қатар келсе құрбысы  
Барлығынан тәуір ет.  
Жаңылыспаған жолынан  
Сенімі берік қауым ет.  
Өзім деген адамға  
Туыс-жақын, бауыр ет.  
Пейілі адал бас қосса  
Салтанат құрар әділет.  
Аман қылып отбасын  
Не тілесе тілегін  
Жаратушы қабыл ет.  
Илләһи әумин!



## ҚАЙЫРКЕНГЕ

Ғұмыр мынау қандай жылдам өтпелі?!  
Тез таусылар жалған дүние өткелі.  
Қайыркенім қатар жүрген жоқ менің?  
Өзінді еске ап айтар сөзім көп менің.

Сенің ісің санамызда — ұлық түр!  
Сұңқары едің таусылмайтын үміттің...  
Сұлтаны едің ішіндегі жігіттің,  
Айтқан сөзің көкіректе тұнып тұр.

Пейілді едің дархан мына даладай,  
Зейінді едің ұлағатты данадай.  
Елгезек ең елпілдеген баладай  
Еске түссе ішім от боп жанады-ай.

Кеше ғана ед, жылың да өтіп барады-ай,  
Сағыныштан ет жүрегім жанады-ай.  
Ішке кірген бауырмалым балам-ай,  
Сенің ісің өшпек емес санада-ай.

Сен тірісің өлген жоқсың бүгінде,  
Өзің жүріп сөйлескендей күлімдеп.  
Макпалың бар жарқыраған күнің де  
Сенің сөзің салмағы бар үнін-де.

## СІЗ-БІЗІҢЕ ЕШТЕМЕ ЖЕТПЕЙТҰҒЫН

Шексіз жоқ, Хақтан басқа өтпейтұғын...  
Жақсылар бір сөз айтсаң ептейтұғын.  
Естілер етек-жеңді ерте жиып  
«Алла» деп түзу жолға беттейтұғын.

Жақсылар ұмтылмайтын кездеседі  
Көркейтпін бар ісінді септейтұғын.  
Жамандар өз басындық толып жатыр  
Түзу сөз құлақтан әрі өтпейтұғын.

Кейбір сөзің соларға тура тиіп,  
Көңілге сақтап соны кектейтұғын.  
Көпшіл болсаң қашанда кемімейсің  
Пейіл болса нәрсе жоқ жетпейтұғын.

Жақсылар елі үшін отқа түсер,  
Өлсе дағы мәңгі есте өшпейтұғын.  
Шыдамның да шегі бар таусылатын,  
Жақтырмай бір-біріне кет дейтұғын.

Парықсызға бақ қонса ісіп-кеуер,  
Басыннан мәңгілік жоқ кетпейтұғын.  
Бұл жалған тіршіліктің ең қызығы  
Сыйласым сіз-бізіңе жетпейтұғын.



*Балапан жыр өрiлдi,  
Сиясы әлi кеппеген.  
Ойларым көп керiмдi,  
Халқыма әлi жетпеген.*



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз . . . . .	4
Имамның түйін сөзі . . . . .	6
<b>I БӨЛІМ</b>	
<b>Тобаға келдім тәубә деп . . . . .</b>	<b>7</b>
Тәңірге тасбих . . . . .	8
Бір сұрау болар түбінде . . . . .	10
Тәңір тезі . . . . .	11
Бәрі дағы өзіннің кұзырында . . . . .	12
Тәубаға келу дұғасы . . . . .	13
Аллаға ғибадатың бір нұрлы жол . . . . .	15
Орында Алла жарлығын . . . . .	17
Доска тілек . . . . .	18
Қалмайық қара басып . . . . .	19
Мешітте . . . . .	20
Балама өсиет . . . . .	23
Ібіліс жолы білсеңіз . . . . .	27
Сағанада туған ой . . . . .	28
Көрмеңіз оны басқадан . . . . .	29
40-парыз . . . . .	30
Ойланшы . . . . .	36
Тыныштықпен атсыншы деп нұр таңым . . . . .	37
Төрт тағандар . . . . .	38
Қанатқа . . . . .	39
Бәйіт жиеніме . . . . .	39
Марьяк жиеніме . . . . .	40

## II БӨЛІМ

Өмірім өрнектелер өлеңменен . . . . .	41
Уа, адамдар! . . . . .	42
Бата . . . . .	43
Қари балама бата . . . . .	46
Пайғамбарым с.ғ.с. жетімді жебеген . . . . .	47
Имамға бата . . . . .	49
Өмірім көрген бір түс өте шығар . . . . .	51
Наз . . . . .	56
Жаңылыс баспа бауырым . . . . .	59
Жиылмасын дастархан . . . . .	60
Сыйласындар жалғанда . . . . .	62
Сені ойлап қажыдым-ау, бауырым . . . . .	63
Садырбайдың жылында . . . . .	69
Ұсақтық сіздің катеніз . . . . .	71
Досқа тілек . . . . .	72
Қаперсіз пенде түсін сен . . . . .	74
Қабыл болсын тілегің . . . . .	75
Әкеге тағзым . . . . .	77
Сағыныш сазы . . . . .	78
Тойға тарту . . . . .	80
Ореке-Жаксыбала . . . . .	81
Қуаныш-Сағыныш . . . . .	81
Жаксы сөз жарым ырыс . . . . .	83
Әлияның тойында . . . . .	84
Гүлбаршын Ақпановаға . . . . .	85
Бәріне де бар тоспа . . . . .	87

### III БӨЛІМ

<b>Жақындарға шашамын жырдан шашу</b> . . . . .	89
Ел ағама . . . . .	90
Мейір Егінбайұлына . . . . .	90
Қосағым Гауһарға . . . . .	91
Сүйген жүрек . . . . .	92
Беріл сен жазылам деп шын ниетпен . . . . .	93
Сағындым Дәурен өзінді . . . . .	94
Бөлеме . . . . .	95
Ғалым Мұхамединге . . . . .	96
Мылтықбайға . . . . .	96
Балтабайға . . . . .	97
Еділге . . . . .	97
Парланға . . . . .	98
Қазиза апаға . . . . .	99
Жаркынбекке . . . . .	100
Біржанға . . . . .	100
Анаға сағыныш . . . . .	101
Темірге . . . . .	103
Өмір Кішенұлына . . . . .	104
Нағашыларға . . . . .	105
Қарындасым Дариғаға . . . . .	107
Дәриғаға, Жұмабекке . . . . .	107
Меруерт жиеніме . . . . .	109
Қуандық құдаға . . . . .	110
Нұрлан балама . . . . .	111
Жаксының ісін жалға сен . . . . .	113

Нағашы тілегі .....	114
Нағашы тойындағы тілек .....	115
Жиенмін дегендерге .....	116
Жиендерге .....	117
Бауырларға .....	117
Келіндерге .....	118
Немереме .....	118
Балаларыма .....	119
Қарындастарыма .....	120
Қыздарыма .....	120
Ұлдарға .....	121
Мирасыма .....	121
Аталар өнегесі .....	122
Икенге .....	123
Жарастың тойында .....	124
Дархан Сәрсенбайұлына .....	125
Тимурге .....	126
Әмірбек Шегірбаевқа .....	127
Болат қажы бауырға .....	128



**С. ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ**  
**ИМАННЫҢ НҰРЫН —**  
**ГҮЛ ЕТSEM**

Техникалық редактор

**Л.А. ПОНОМАРЕНКО**

Дизайнер

**К. БАЙЗКЕНҚЫЗЫ**

Мәтінді терген

**Н. БІРМАҒАНБЕТОВА**

Теруге 12.05.12. берілді. Басуға 22.05.12. қол қойылды.  
136-бет. Пішімі 1/32. Офсеттік басылым. Гарнитурасы  
"Таймс". Тапсырыс 1437. Таралымы 125.

*"Полиграфия АСАР" ЖК "Битанова С.Д."*  
*Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, 16 үй*

